

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА
(5-9-СЫНЫПТАРДА) «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ», «ДҮНИЕЖҮЗІ
ТАРИХЫ» ОҚУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ПРЕПОДАВАНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА
«ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА», «ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ»
(5-9 КЛАССЫ) В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ
СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

Астана
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 14 наурыздағы № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 14 марта 2019 года)

Білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптарда) «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар, – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 84 б.

Методические рекомендации по преподаванию учебного предмета «История Казахстана», «Всемирная история» (5-9 классы) в рамках обновления содержания образования, – НАО им. И. Алтынсарина, 2019. – 84 с.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптарда) «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламаларының ерекшеліктері қарастырылып, пәндерді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері көрсетілген. Сонымен қатар, жаңартылған білім мазмұны жағдайында қысқа мерзімді жоспар әзірлеу, критериалды бағалауды ұйымдастыру, формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

В методических рекомендациях рассмотрены особенности учебной программы по предметам «История Казахстана», «Всемирная история» (5-9 классы) в рамках обновления содержания образования, формы и методы организации обучения по учебным предметам. Даны методические рекомендации по разработке краткосрочных планов, критериальному оцениванию и по разработке формативного и суммативного заданий по предметам «История Казахстана», «Всемирная история».

Методические рекомендации предназначено для учителей общеобразовательных школ, методистам и работникам организаций образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2019

Кіріспе

Қазақстандық білім саласындағы реформалардың бірі білім мазмұнын жаңарту болып табылады. Білім беру мазмұнын жаңарту елдегі жалпы білім беретін мектептегі білім сапасын анықтайтын білім мазмұны мен құрылымына өзгеріс енгізу, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді іске асырумен сипатталады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында: Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуы тиіс,- деп атап көрсеткен [1].

Осыған сәйкес білім мазмұнын жаңарту білім алушының жаңа білімді меңгеру қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша білім мазмұнын жаңарту оқушыларда тарихи сананы, қазақстандық патриотизмді, өз елінің тарихына құрмет көрсетуге, ұлттық және жалпыадами құндылықтарды қалыптастыруға баулу, ойлау, коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамытуға негізделген.

Пән мазмұны тарихи оқиғалар, фактілер, деректерді жаттанды оқуға емес, олардың мәнін түсінуге, яғни тарихи концептілер негізінде тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Өйткені қазіргі кезеңде оқушылардың дұрыс таңдау жасай білу, дұрыс шешім қабылдау, қоғам өміріне жасампаздықпен қатысу, қоршаған ортаны объективті түрде көрсету қабілеттері ерекше маңызға ие. Бұл ретте оқушылардың бойында аталған қабілеттерін дамыту тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру шеңберінде жүзеге асырылады.

Тарихи ойлау бұл адамның өткенді, қазіргі және болжамды болашақты ұғынуға бағытталған ақыл-ой қызметі деп анықтама берген И. Я. Лернер: тарихи ойлау құрылымын келесі 9 біліктер негізінде сипаттайды:

- 1) қоғамдық құбылыс пен оқиғаға сай белгілер мен фактілерді таңдай алу арқылы оларға сипаттама бере алу;
- 2) кез-келген қоғамдық құбылыстың пайда болу себептерін анықтай алу;
- 3) тарихи құбылыстармен бірге болатын жағдайларды және олардың өзара байланысын анықтауға ұмтылу;
- 4) кез-келген тарихи құбылыстың ауыспалы табиғаты мен оның тарихи маңыздылығын тани алу;
- 5) тарихи заңдылықтың белгілі бір құбылысының көпқырлығын анықтау;
- 6) әрбір тарихи құбылысқа тән даму үдерістерін анықтай білу;
- 7) қоғамдық топтар немесе белгілі бір тұлғалардың іс-әрекетін анықтайтын әлеуметтік уәждерді анықтай білу;
- 8) өткен кезеңді қазіргі кезеңмен салыстыруда қызығушылықты таныта білу;

9) өткен кезеңнің оқиғаларынан сабақ ала білу[2].

Сондықтан «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінің базалық мазмұнын құрылымдауда оқушылардың тарихи ойлау дағдысын қалыптастыру және дамытуға көңіл бөлінген.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқу пәндерін тарихи түсініктер (концепт) негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мәні мен маңыздылығын, үдерістер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл пәннің мазмұнын терең түсінуге көмектеседі. Тарихи түсініктер (концепт) негізінде тарихи материалды талдау жүзеге асырылады. Нәтижесінде, оқушыларда тек пәндік білім, білік, дағдылар ғана емес, материалдарды жинау және реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасауда проблеманы қоя білу біліктілігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру сынды кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім деңгейінде «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша 5-9-сыныптарға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (ҚР БҒМ 25.10.2017ж. № 545 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптарда) «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері оқу бағдарламаларының ерекшеліктері талданады.

Пәндерді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері, тарих пәнін тарихи түсініктер (концепт) негізінде оқытуды тиімді ұйымдастыру жолдары нақты мысалдармен беріледі. Сонымен қатар, жаңартылған білім мазмұны жағдайында критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар және пән бойынша жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылады.

1 «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» (5-9-сыныптарда) оқу пәндері бойынша білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын әзірлеудегі басты ерекшелік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықтың ескерілуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес (бұдан әрі-2012 жылғы Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты) Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін маңызды тарихи оқиғалары 5-сыныпта «Қазақстан тарихынан әңгімелер» оқу пәнінде қарастырылған болатын.

Білім мазмұнын жаңарту аясында осы 2012 жылғы Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты) сәйкес білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі маңызды тарихи оқиғалары бастауыш мектептегі «Дүниетану» оқу пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасының білім мазмұнына кіріктірілген. Осыған орай жаңартылған білім беру мазмұны аясында тарихи білім берудің негізі бастауыш сыныптан басталды.

1-4-сыныптарда оқытылатын «Дүниетану» оқу пәні негізгі және жоғары мектепте қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерін меңгеруге негіз қалайтын кіріктірілген-пропедевтикалық сипатымен ерекшеленеді. Ол адам, табиғат және қоғам, олардың өзара байланысы мен тәуелділігі жөніндегі білім жүйесін құрайтын кіріктірілген пән. Оқу пәнінің нысаны – адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта және т.б.

Оқу пәндері мазмұнының жаңа құрылымы 1.1-кестеде көрсетілген.

1.1-кесте. Оқу бағдарламаларының құрылымы

<i>2013 жылғы оқу бағдарламасы</i>		<i>Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы</i>	
5-сынып	Қазақстан тарихынан әңгімелер	1-4-сынып	Дүниетану (адам, табиғат және қоғамның өзара байланысын құрайтын кіріктірілген оқу пәні)
6-сынып	Ежелгі заман тарихы	5-сынып	Ежелгі заман тарихы
7-сынып	Орта ғасырлар тарихы	6-сынып	Орта ғасырлар тарихы

8-сынып	Жаңа заман тарихы	7-сынып	Жаңа заман тарихы
9-сынып	Қазіргі заман тарихы	8-сынып	Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың бірінші жартысы)
		9-сынып	Қазіргі заман тарихы (XX ғ. екінші жартысы – XXI ғ.)

1.1-кестеге сәйкес «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін жүйелі түрде оқыту 5-сыныптан басталады.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- мазмұн көлемі бірнеше тақырыптық бөлімдердің біріктіру арқылы ықшамдалған.

- Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы арасындағы пәнаралық байланыс күшейтілген. Бұл Қазақстан тарихын әлемдік тарихи процестер контекстінде қарастыруға, оқу материалдарын қайталамауға мүмкіндік береді;

- тарихи оқиғалар, фактілер, деректерді жаттанды оқуға емес, олардың мәнін түсінуге, яғни тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталады;

- оқушыларда тарихи сана, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға септігін тигізетін материалдарды меңгеруге ерекше көңіл бөлінген;

- «Қазақстан тарихы» пәні бойынша әр тақырыпқа зерттеу сұрақтары қарастырылған;

- «Дүниежүзі тарихы» бойынша ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар білім алушылардың ойлау қабілетін белсендіретін және олардың сын тұрғысынан ойлау, проблемалық сұрақ қою, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған.

5-9-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары құрылымының ерекшеліктерін қарастырайық.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы үш тараудан және үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспардан тұрады. Бірінші тарауда жалпы ережелер, оқу пәнін зерделеудің мақсаты мен міндеттері берілген.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес әзірленген.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқытудың мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-

бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған.

Пәндерді оқытуға сәйкес анықталған міндеттер:

- адамзат өркениетінің және Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

- әлемнің және Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

- әлемнің және Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

- тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

- тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

- тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (болжамдарды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

- қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

- коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану болып табылады.

«Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру» тарауында оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі, пәннің білім мазмұнын құрайтын бөлімдер, оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға негізделген тарихи түсініктер (концепт) мен пән бойынша базалық білім мазмұны берілген.

Оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес анықталды. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі 1.2-кестеде берілген.

1.2-кесте – Оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Пән \ Сынып	Қазақстан тарихы		Дүниежүзі тарихы	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
5	2 сағат	68 сағат	1 сағат	34 сағат
6	2 сағат	68 сағат	1 сағат	34 сағат

7	2 сағат	68 сағат	1 сағат	34 сағат
8	2 сағат	68 сағат	1 сағат	34 сағат
9	2 сағат	68 сағат	1 сағат	34 сағат

1.2-кестеге сәйкес білім мазмұнын жаңару аясында «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің жүйелі курсы 5-сыныптан басталуына байланысты оқытуға бөлінген жалпы сағат саны 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырғанда 2 сағатқа (Қазақстан тарихы бойынша -1 сағат; Дүниежүзі тарихы -1 сағат) артқанын көруге болады.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары мазмұнның жаңа құрылымына сәйкес, 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырғандағы жалпы жүктеме бойынша өзгерістер 1.3- кестеде берілген.

1.3-кесте – «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша жалпы оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	2013 жылғы оқу бағдарламасы		2016 жылғы оқу бағдарламасы	
	Тарихи кезең	оқу жүктемесі (сағат)	Тарихи кезең	оқу жүктемесі (сағат)
5	Қазақстан тарихынан әңгімелер	1	Ежелгі заман тарихы	2
6	Ежелгі Қазақстан тарихы	2	Орта ғасырлар тарихы	2
7	Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы	2	Жаңа заман тарихы (XVIII -XIX ғасырлар)	2
8	Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр-XX ғасырдың басы	2	Қазіргі заман тарихы(XX ғасырдың бірінші жартысы)	2
9	Қазақстан тарихы (XX ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейін)	2	Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін)	2

Кестеден көріп отырғанымыздай жаңартылған білім мазмұнына сәйкес «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің ежелгі кезеңі 5-сыныптан басталуына байланысты осы сыныпқа 1 сағат қосылған.

Сонымен қатар, Қазақстан тарихының XX ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі тарихи кезеңін қамтитын қазіргі заман тарихы жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша 8-9-сыныптарға бөлінген. Өйткені қысқа хронологиялық шеңберлерге қарамастан осы кезеңдегі отандық және дүниежүзі тарихы бүгінгі күнгі әлем бейнесінің қалыптасуына елеулі түрде әсер еткен және әсер ететін оқиғаларға толы екендігімен негізделеді.

Сонымен қатар, қазіргі заман тарихындағы оқиғалар, құбылыстар, процестерді зерттеуге көбірек уақыттың берілуі білім алушылардың бойында Қазақстанның қазіргі заман проблемаларының мәні туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары мазмұнның жаңа құрылымына сәйкес, 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырғандағы жалпы жүктеме бойынша өзгерістер 1.4-кестеде берілген.

1.4-кесте – «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	2013 жылғы оқу бағдарламасы		2016 жылғы оқу бағдарламасы	
	Тарихи кезең	оқу жүктеме мекі (сағ)	Тарихи кезең	оқу жүктемесі (сағ)
5	Оқытылмайды		Ежелгі заман тарихы	1
6	Ежелгі заман тарихы	1	Орта ғасырлар тарихы	1
7	Орта ғасырлар тарихы	1	Жаңа заман тарихы (XVIII - XIX ғасырлар)	1
8	Жаңа заман тарихы (XVII -XX ғасырдың бірінші жартысы)	1	Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың бірінші жартысы)	1
9	Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың бірінші жартысы- бүгінгі күнге дейін)	1	Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін)	1


Кестеден көріп отырғанымыздай білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес «Дүниежүзі тарихы» пәні оқыту 5-сыныптан басталады. Осыдан пән бойынша оқу жүктемесінің 1сағатқа артқанын көруге болады.

Сонымен қатар, Дүниежүзі тарихының XX ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі тарихи кезеңін қамтитын қазіргі заман тарихы жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша 8-9-сыныптарға бөлінген. 8-сыныпта XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазіргі заман тарихы, ал 9-сыныпта XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін тарихи кезең оқытылады.

Осы тарауда пәннің білім мазмұнын құрайтын бөлімдер мен бөлімшелер берілген.


Білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны хронологиялық реттілікпен берілген (көне дәуірден бүгінгі заманға дейін) және келесі бөлімдерді қамтиды (1-2-сызбалар).

Сонымен жаңартылған білім мазмұны аясында 5-9-сыныптардағы «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұны төрт бөлімнен тұрады (1-сызба)




1-сызба – 5-9-сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» оқу бағдарламасының бөлімдері.

Жаңартылған білім мазмұны аясында 5-9-сыныптардағы «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұны төрт бөлімнен тұрады, ол 2-сызбада көрсетілген.




2-сызба – 5-9-сыныптарға арналған «Дүниежүзі тарихы» оқу бағдарламасының бөлімдері


Бөлімдер оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады (3-6-сызбалар).




3-сызба – Бірінші бөлім



4-сызба – Екінші бөлім



5-сызба – Үшінші бөлім



6-сызба – Төртінші бөлім

Пән бойынша білім мазмұнын құрайтын осы бөлімдер мен бөлімшелер келесі ұстанымдарға негізделіп әзірленді:

– пән мазмұнын жобалау кезіндегі «*шиыршық*» *принципі*, бұл білім мен біліктерді тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (дағдыларды тақырыптар және сыныптар бойынша күрделендіру); «*Шиыршық*» принципі негізінде дағдыларды дамыту - оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын сыныптан-сыныпқа қарай күрделендіре отырып, прогрессияны қамтамасыз етеді;

– *тарихилық принцип* - құбылыстарды олардың пайда болуы және дамуы, олардың нақты жағдайлармен байланысында қарау. Бұл принцип тарихи құбылыстардың пайда болу себептерін, түрлі кезеңдердегі сапалық өзгерістерін анықтап, диалектикалық даму барысында бұл құбылыс неге айналғанын түсінуге мүмкіндік береді;

– *ғылымилық принцип* – оқыту бірліктерінің ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелеріне сәйкестігін анықтайды;

– тарихи білім берудің әдіснамалық тұжырымдамасының қазіргі кездегі негізі бұл түрлі әдіснамалық тәсілдерді (формациялық, өркениеттік, мәдениет-тарихи және т.б.) қарама-қарсы қойып салыстырудан бас тарту;

– тарихты механикалық түрдегі фактілердің үйлесімі емес, нақты қоғамдық жүйелердің даму процесі ретінде қабылдау;

- тарихи оқиғалар мен құбылыстарды уақыттық және кеңістіктік аспектілерде оқып үйрену;

- экономикалық, саяси, әлеуметтік тарих пен мәдениет тарихы бойынша материалдардың тең мөлшерде іріктелуі.

Жаңартылған білім мазмұнын анықтауға қойылатын талаптар «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндеріне бөлінген оқу жүктемесінің шекті көлемін, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып анықталады.

Сонымен қатар, екінші тарауда оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға негізделген тарихи түсініктер (концепт) негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері берілген.

Пән бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи түсініктерге (концептілерге) негізделеді:

- 1) өзгеріс пен сабақтастық;
- 2) себеп пен салдар;
- 3) дәлел;
- 4) ұқсастық пен айырмашылық;
- 5) маңыздылық;
- 6) интерпретация.

Мектепте тарих пәндерін оқытудың әлемдік тәжірибесін зерделеу көптеген елдерде дағдыларды дамытуға, оқушылардың оқу, зерттеу және практикаға бағдарланаған дағдыларын қалыптастыруға (зерттеу, мәселелерді шешу, сыни ойлау, өз бетінше оқу, ынтымақтастық, ақпаратты өңдеу, креативтілік, практикалық дағдылар) басымдық берілетінін

көрсетеді. Ұлыбританияның, Америка Құрама Штаттарының және Сингапур елдерінің тәжірибесіне сәйкес, тарихты зерделеуде әрбір тақырып үшін тиісті тарихи түсінік (концепт) таңдалып алынады. Бұл сабақты белгілі бір дағдыларды дамытуға бағыттауға, оқушылардың осы концептілерді түсінуін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған тәсіл оқушылардың қызығушылығын, ынтасын арттырады, бұл өз кезегінде пәндік білімді меңгерудің негізі болып табылады [3].

Сондықтан да жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқушылардың *базалық тарихи ойлау дағдыларын*: тарихи деректердің интерпретациясы, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіруді қалыптастыруға бағытталған.

Тарихи түсініктер (концепт) негізінде оқушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер осы әдістемелік ұсынымдардың келесі «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері бөлімінде қарастырылады.

Оқу пәндердің базалық білім мазмұны: «Дүниетану» оқу пәнінің базалық білім мазмұнында Қазақстан тарихына қатысты оқу материалдары «Тарих беттерінен» бөлімінде қамтылған. Аталған бөлімнің базалық мазмұны 1.5-кестеде көрсетілген.

1.5-кесте – «Дүниетану» оқу пәнінің базалық білім мазмұны

Сыныптар	Базалық білім мазмұны
1	Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер: ежелгі адамдар, сақтар, Томирис патшайымы, ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері және жәдігерлері туралы алғашқы мәліметтер; Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы түсінік; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздермен танысу, оларды сипаттау; Қазақстан елордасы – Астана қаласы.
2	«Мал шаруашылығы» және «егін шаруашылығы» туралы алғашқы түсінік; көне қалалар мен ескерткіштер; ғұндардың өмір салты туралы алғашқы түсінік; Ботай мәдениетінің ерекшеліктері; қазақ халқының жылқыны қолға үйретуі; көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері; Әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мәні; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау; Қазақстан халықтары достығының маңыздылығы.
3	Көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктері; тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру; Қазақстанның тарихи тамыры; Түркілердің өмір салтымен танысу; Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар; Қазақ хандығының құрылу себептері; көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері; хандар, батырлар мен билердің рөлі; Абылай хан; Керей хан; Жәнібек хан; Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм; Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» қақпасы); тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлі.
4	«Технологиялық прогресс» ұғымы анықтамасымен танысу; тарихи мұражайлардың қызметі; мұражайдың өзіндік жобасы; қазақ халқының шығу тарихы; сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар арасындағы байланысты графикалық түрде бейнелеу; Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар; Қазақстанның

XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерінен мысалдар; шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің өмірбаяны; Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм; «Қазақстан» атауымен байланысты ұлттық бренд; Қазақстанның әлемдік сахнадағы рөлі.
--

Сонымен алғашқы тарихи түсінік қалыптасатын бастауыш білім беру деңгейіндегі «Дүниетану» оқу пәнінің базалық мазмұнын құрылымдау:

– оқушыларда отандық тарих туралы қарапайым түсініктер мен ұғымдар қалыптастыру;

– оқушыларға қоршаған орта туралы ғылыми негіздерді меңгерте отырып, географиялық, тарихи тұрғыдан ойлауын дамыту;

– әлемнің бүгінгісі мен болашағына өткен замандағы оқиғалардың тигізетін әсері туралы түсінігін қалыптастыруға негізделген [4].

Бастауыш білім беру деңгейінде басталған тарихи білім мазмұны негізгі орта білім беру деңгейінде хронологиялық реттілікпен жүйелі түрде 5-9-сыныптарда қарастырылады.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің сыныптар бойынша базалық мазмұнын құрайтын тарихи кезеңдер 1.6-кестеде көрсетілген.

1.6-кесте – Тарихи кезеңдер

Сыныптар	Тарихи кезеңдер
5-сынып	Ежелгі заман тарихы (шамамен 2 млн жыл бұрын – V ғасыр)
6-сынып	Ортағасырлар кезеңі (V - XVII ғасырлар)
7-сынып	Жаңа заман кезеңі (XVIII -XIX ғасырлар)
8-сынып	Қазіргі заман (XX ғасырдың бірінші жартысы)
9-сынып	Қазіргі заман (XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін)

Жаңартылған білім мазмұны аясында тарихтың жүйелі курсы негізгі орта білім беру деңгейінде 5-сыныптан басталады. Оқу бағдарламасының базалық мазмұнына сәйкес 5-сыныпта «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» бойынша ежелгі кезеңі қарастырылады.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша бұл кезең алғашқы қоғамның қалыптасу, даму және ыдырау тарихын қамтитын адамзат тарихының ең ұзақ және күрделі де, қызықты оқиғаларға толы кезеңі.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша бұл кезеңде Қазақстан территориясындағы алғашқы адамдар пайда болған кезеңнен біздің заманымыздың V ғасырына дейінгі уақыттағы Ежелгі Қазақстан тарихының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестері қарастырылады. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы қамтылады. Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік жүйеге ерекше назар аудару арқылы қазақ жеріндегі тарихи процестердің адамзат өркениетімен қатар оның құрамдас бөлігі ретінде дамығандығыны біздің жерімізде мемлекеттік институт жүйесінің ерте заманда-ақ пайда болғаны, көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесіне көңіл бөлінеді. Соңғы жылдардағы тарих, этнология, археология ғылымдарындағы зерттеулер мен ашылып жатқан жаңалықтар негізінде Қазақстан жерінде

тіршіліктің көне заманнан бастап пайда болғаны және алғашқы адамдардан қалған тарихи-мәдени ескерткіштердің дүниежүзілік мәдениетпен тарихи процеспен тығыз байланыста және өзара жақын дәрежеде дамуы қарастырылады.

6-сыныпта «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша ортағасырлар кезеңі (V-XVII ғасырлар) қамтылады.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша бұл кезеңде Рим империясының құлауы, феодализм, ислам тарихы, крест жорықтары, моңғолдар, XIV ғасырдағы - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам, Батыс пен Шығыстағы абсолютизм, сауда, қолөнер және әлемді игеру, Қайта өрлеу дәуірі, Реформация, ғылыми революция бөлімдері беріледі.

«Қазақстан тарихы» бойынша бұл кезеңде VI - IX ғасырдағы Қазақстан, X ғасыр - XIII ғасырдың басындағы Қазақстан, XIII - XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан, қазақ халқының қалыптасуы, біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы, қазақ хандығының XVI - XVII ғасырлардағы дамуы, XVI - XVII ғасырлардағы экономика мен мәдениет бөлімдері қарастырылады.

Бұл кезеңде әр түрлі өркениет жетістігін бойына сіңірген Еуразия кеңістігіндегі батыс пен шығысты ұштастыратын аймақта мекендеген байырғы түркілер тарихы қамтылған. Дала өркениеті шегінде Қазақстан аумағында бірін-бірі алмастыра отырып, өмір сүрген осы мемлекеттік бірлестіктердің этникалық – саяси және әлеуметтік-мәдени дамуының жемісі қазақ мемлекеті болып табылады. Сондықтан Қазақстанның ортағасырлық тарихында түркі мемлекеттері, олардың құрамындағы халықтар негізінде қазақ этникалық түрінің қалыптасу процесіне, түркі халықтарының мәдениетіне, олардың өзара байланысы мен ортақ даму белгілеріне назар аударылған.

Аталған кезеңде жалпы түркі өркениетінің даму контесінде қазіргі қазақ халқының территориясында дербес мәдени-тарихи түрдің қалыптасу процесі қарастырылады. XV ғасырдың екінші жартысында құрылған Қазақ хандығы XVI ғасырда дербес саяси бірлестікке, орталықтанған мемлекетке айналуы, бұл мемлекеттің Орталық Азияда алатын орны қамтылған. Қазақ жерінде өмір сүрген түркі тайпаларының Қазақ мемлекеттілігіне топтасуы, қазақтардың этникалық түрінің пайда болуы, қазақ халқының біртұтас рухани әлемінің және өзіндік мәдениетінің қалыптасуы қарастырылады.

7-сыныпта «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» бойынша жаңа заман кезеңі (XVIII-XIX ғасырлар) қамтылады.

Бұл кезеңде «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің базалық мазмұнында жаңа заманның басталуы, XVIII ғасырдағы Үндістан және Ұлыбритания, Ағартушылық идеяларының таралуы, Француз бұржуазиялық революциясының көрінісі, XIX ғасырдағы империялар және олардың бәсекелестігі, XIX ғасырдағы Қытай мен Еуропа елдері, революциялық идеялардың XIX ғасырда Еуропаға таралуы, XIX ғасырдағы Ресейдегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы. XIX ғасырдағы еуропалық отарлық үстемдік. Америка Құрама Штаттарының күшеюі. суретшілер және жазушылар көзқарастарымен:

XIX ғасырдағы өзгерістерге шолу, ғылыми ойдың дамуы бөлімдері қамтылған. Бұл бөлімдер бойынша әлем елдерінің тарихы жеке-жеке жіктелмей басқа мемлекеттермен өзара байланыста қарастырылады. Пән мазмұны қоғамға өзгеріс алып келген маңызды оқиғалар мен құбылыстар негізінде құрылған.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша бұл кезеңде XVIII ғасырдың басындағы Қазақстан: сыртқы және ішкі саяси жағдай, XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы, XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті, отарлау және ұлт-азаттық күрес, Қазақстан Ресей империясының құрамында, XIX ғасыр-XX ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдениеті бөлімдері қамтылған. Бұл кезеңдегі білім мазмұны оқушылардың жоңғар шапқыншылығы, ел бірлігінің нышаны болған Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары мен Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлін анықтауына негізделген. Оқушыларды Ресей империясының отарлық саясатының, халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтауға, ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөлін бағалай білуге бағытталады. Сонымен қатар, Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын және ұлттық құндылықтарға отаршылдық саясаттың кері әсерін талдауға бағыт беріледі.

8-сыныпта «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша қазіргі заман (XX ғасырдың бірінші жартысы) кезеңі қарастырылады.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша бұл кезеңде: XX ғасырдың басындағы әлем. XX ғасырдың басына қарай әлемнің аумақтық бөлінуі және мемлекеттердің саяси құрылымы, 1917 жылғы Ресейдегі революциялар, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азия елдері. әлемдік экономикалық дағдарыстың себептері мен салдары, еуропа елдеріндегі тоталитарлық режимдер, Екінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары. XX ғасырдың бірінші жартысындағы мәдениет және ғылым бөлімдері қамтылған.

Пәннің базалық мазмұны индустриялық қоғамның даму процесін, Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстың себептері, сипаты мен салдарын талдауға негізделген. Сонымен қатар екі соғыс аралығындағы әлем елдерінің XX ғасырдың бірінші жартысындағы саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуы қарастырылады.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша бұл кезеңде: XX ғасырдың басындағы Қазақстан. Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнығуы. Қазақстан тоталитарлық жүйенің нығаюы кезеңінде. Кеңестік Қазақстанның мәдениеті: білім мен ғылым. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында бөлімдері қамтылған. Пән мазмұнында XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестер; 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихи маңызы; «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясаты; Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңызы; XX ғасырдың 20-30 жылдардағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптары; XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен ғылым саласындағы өзгерістер; қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғысының жеңісіне қосқан үлесі қарастырылады.

9-сыныпта «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» бойынша қазіргі заман (XX ғасырдың екінші жартысынан бүгінгі күнге дейін) кезеңі оқытылады.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша қазіргі заман тарихы кезеңі XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырды қамтиды. Бұл кезеңде пәннің базалық білім мазмұны XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы; халықаралық ұйымдардың қалыптасуы; XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік экономиканың дамуы; екі полюсті әлемнен көп полюсті әлемге бағыт алу үдерісі; аумақтық мәселелерді шешудегі халықаралық ұйымдардың рөлі; Батыс елдерінің XX ғасырдың екінші жартысындағы даму ерешеліктері; XX ғасырдың екінші жартысындағы Азия елдерінің даму ерешеліктері; қазіргі әлемнің жаһандануы; XX ғасырдың екінші жартысындағы - XXI ғасырдың басындағы ғылым, білім, технология; XX ғасырдың екінші жартысындағы - XXI ғасырдың басындағы мәдениет; Бұл кезеңде XX ғасырдың екінші жартысынан XXI ғасырға дейінгі кезеңдегі әлем тарихындағы маңызды оқиғалар; мемлекеттердің тарихи даму заңдылықтары; жаһандану жағдайында ұлттық мәдени құндылықтарды сақтаудың маңыздылығы бөлімдерін құрайды [5].

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша бұл кезеңде: Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар); Қазақстан «Жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар); Қазақстан «Тоқырау» кезеңінде (1965-1985 жылдар). кеңестік Қазақстанның мәдениеті (1946-1985-жылдар.); Қазақстан Қайта құру кезеңінде (1986-1991-жылдар); Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы (1991-1997 жылдар); Қазақстан Республикасының нығаюы (1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін); қазіргі заманғы Қазақстан мәдениеті (1991 жылдан бүгінгі күнге дейін) бөлімдері берілген [6].

Пәннің базалық мазмұнында соғыстан кейінгі жылдардан бастап қазіргі кезеңге дейінгі оқиғалар қамтылады. Сонымен қатар мемлекеттік егемендігіміздің мәні, тарихи тамырлары, мақсат-мүдделері мен оны нығайту жолындағы шаралары, Халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның орны және ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегиялар қарастырылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасының базалық мазмұны «Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» 5 томдық академиялық басылымына сәйкес анықталды. Бұл басылымның бүгінгі таңда фактологиялық деректері ғылыми көзқарастармен негізделген және неғұрлым анықталған, тарихи оқиғаларды баяндау және зерделеудің тәсілдемелері отандық тарихшылар қауымдастығының көпшілігімен мақұлдаған және келісілгені көрсетілген іргелі ғылыми еңбек болып табылады.

Сонымен жаңартылған білім мазмұны аясында оқу бағдарламасы мазмұнының құрылымы өзгерді. Бағдарлама мазмұнының жаңа құрылымы мектепте тарихты оқытудың жаңа әдіснамалық тәсілдері мен оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жобаланды.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінің қолданыстағы оқу бағдарламасында әр мемлекеттің тарихы жеке-жеке қарастырылған, берілген оқу материалы көлемді

болды. Білім мазмұнын жаңарту аясында оқу пәнінің базалық білім мазмұнын оңтайландыру орын алған. Өйткені, көптеген елдердің тарихын толық қамтып оқыту дәстүрі кеңестік мектептік тарихи білім беру жүйесінен сақталып келген процесс. Тарих пәнін мектепте оқытудың әлемдік тәжірибесі көптеген елдерде (Ұлыбритания, Сингапур, Финляндия және т.б.) ұлттық тарихты оқытуға ерекше көңіл бөлінетінін көрсетеді. Дүниежүзі тарихынан әлемнің жалпыөркениеттік матрицасын қалыптастыруға елеулі әсер еткен елдер мен мәдениеттер, сонымен қатар, әлемдік түйінді/маңызды оқиғалар зерделенеді. Яғни басқа мемлекеттердің тарихы өз елдерімен өзара қарым қатынас контекстінде оқытылады. Сондықтан «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің мазмұнын құрылымдауда осы аталған тәжірибелер де сараланды.

Қолданыстағы 7-сыныптың «Дүниежүзі тарихы» оқу бағдарламасындағы «Ерте орта ғасырлардағы Орталық Азия жеріндегі феодалдық қатынастар. Ерте орта ғасырлардағы түркі халықтары. Түркі мемлекеттері, шаруашылығы. Көне түркі жазба ескерткіштері» тақырыптары «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнында «Ерте орта ғасырлардағы Қазақстан» бөлімінде толық қарастырылады. Осыдан оқу материалдарының қайталанып берілгенін көруге болады. Білім мазмұнын жаңарту аясында оқу материалының қайталануын оқу пәндері арасындағы пәнаралық байланысты күшейту арқылы шешу қарастырылған.

Сонымен жоғарыда атап өткен түркі мемлекеттері жаңартылған мазмұндағы «Дүниежүзі тарихы» пәнінің мазмұнында ортағасырлық мемлекеттердің түркі әлемімен өзара қарым-қатынасы контекстінде берілген. Мысалы, Византия империясы; Византия мен Түрік қағанатының дипломатиялық қарым-қатынастары тақырыбында Түрік қағанатымен дипломатиялық және сауда қарым-қатынастарына көңіл бөлінеді, оқу мақсаттары осы негізде құрылады. Сонымен қатар, «Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батысты қалай байланыстырды?» тақырыбын оқытуда Қазақстан тарихы бойынша түркі халықтарының тарихына қатысты материалдарға көңіл бөлінеді. Пәннің білім мазмұнын құруда осы тәсілді қолдану тек оқу материалдарының қайталануын жойып қана қоймайды, сонымен қатар, оқушыларда әлемдік тарих және ондағы Қазақстанның орны туралы толық түсінік қалыптастыра отырып, Қазақстан тарихын әлемдік тарихи процестер контекстінде қаруға мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің жаңартылған білім мазмұны келесі тақырыптармен толықтырылды:

- «5 институтционалды реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам» ұлт жоспары – қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне жауап;
- Инновациялық ғылыми-білім беру мекемелерінің құрылуы;
- Этносаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі;
- Жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениетті жаңғырту және сақтап қалу мәселелері;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясы;

• «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы тақырыптарымен толықтырылды.

Бұл оқушылардың ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздеуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің базалық білім мазмұны өлкетану курсы материалдарымен толықтырылды. «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мазмұнына өлкетану материалдарының енгізілуі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасына сәйкес іске асырылды. Бұл мақалада «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады», деп атап көрсетілген[7].

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына (5-7-сыныптарға) 20 сағат көлемінде өлкетану материалдары енгізілді.

«Өлкетану» – «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті»), «География», «Музыка» жалпы білім беретін оқу пәндерін толықтыратын кіріктірілген оқу курсы және туған өлкенің тарихын, табиғатын, мәдениетін оқуға ықпал етеді. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-7-сыныптарына арналған өлкетану материалдары 1.7-кестеде көрсетілген.

1.7-кесте – Өлкетану материалдары

5-сынып	Туған өлкенің аңыз-ертегілері. Өлкенің тарихи ескерткіштері. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар. Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер.
6-сынып	Топонимдер – өткен заманның куәгерлері (жер-су атауларының тарихы). Мәдени-тарихи дәстүрді сақтаушылар: өлкенің ұлттық қолөнері. Бір халық – бір ел – бір тағдыр (менің өлкемнің халықтары). Туған өлке тарихының қазіргі куәгерлері.
7-сынып	Туристік маршруттар. Жомарт жүрек. Туған өлкенің шежіресі. Мектебімнің тарихы.

Өлкетану курсының мақсаты – туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және басқа да факторлар туралы білім қалыптастыру; туған елге деген сүйіспеншілік сезімге, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу болып табылады.

Курстың міндеттері:

– Қазақстан тарихы, география, қазақ әдебиеті және музыка пәндері сабақтарында алынған білімдері мен дағдыларын кеңейту, тереңдету;

– ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру;

– туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

– туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

– туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыру.

Сонымен білім мазмұнын жаңарту жалпы білім беретін мектепте тарихты оқытуға көзқарасты өзгертумен сипатталады. Бұл өзгерістердің басты бағыттары:

– отандық тарихты оқытудың басымдылық рөлі;

– Отандық тарихты әлемдік даму контекстінде оқыту;

– ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру;

– мектептік тарихи білімнің нәтижеге бағдарлануы, оқушының дайын білімді енжар алушыдан білімдік процестің белсенді субъектісіне айналуын талап ететін білімдік моделді қалыптастыруға бағытталуы;

– тарихты оқытуға біртұтас көзқарас қалыптастыру, (бұл тарихты оқып-үйренуге формациялық, өркениеттік, мәдени-тарихи және т.б тұрғыдан қарауды ұштастыру) болып табылады.

Формациялық тұрғыдан қарау тарихи даму кезеңдерінің сабақтастығы мен ішкі байланыстарын бейнелейді, әлеуметтік-экономикалық процестердің логикасын түсінуге мүмкіндік береді. Өркениеттік тұрғыдан қарау, әр түрлі халықтар мәдениетінің өзара байланысы мен өзара ықпалын көрсетеді, салыстырмалы-типологиялық әдісті кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Елеулі айырмашылықтары бола тұра, тарих – деректердің жалаң тіркесімі емес, нақтылы бір қоғамның даму процесі екендігі туралы түсінік екі тәсілге де ортақ екенін көруге болады. Сондықтан білім мазмұнын құрылымдауда бұл әдіснамалық тәсілдер ұштастырып қарастырылған.

Келесі «Оқу мақсаттарының жүйесі» тарауында сыныптар мен бөлімдер шеңберінде берілген оқытудың күтілетін нәтижелері қарастырылады.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінің 2013 жылғы оқу бағдарламаларында күтілетін нәтижелерді (білім, білік, дағды) оқытылатын тақырыптық мазмұнға сәйкес нақтылау қарастырылмаған. Олар білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ретінде оқу бағдарламасының соңында берілген. Бұл тәсіл оқушылардың пәнді меңгеру деңгейін шынайы бағалауға мүмкіндік бермейді. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін пәндік нәтижелер әр бөлімдер мен бөлімшелер бойынша анықталған оқу мақсаттары түрінде берілген. Мысалы, «Қазақстан тарихы» оқу пәнінің «Мемлекеттің дамуы» бөліміндегі «Мемлекеттің ішкі саясаты» бөлімшесінің оқу мақсаттары (5-9-сыныптар) шиыршық принципі бойынша 1.8-кестеде беріледі.

1.8-кесте – «Мемлекеттің ішкі саясаты» бөлімшесінің оқу мақсаттары

5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын <i>көрсету</i>	6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты ның құрылуының тарихи маңызын <i>анықтау</i>	7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне <i>баға беру</i>	8.3.1.1 қазақ зиялылары ның Ресей империясы ның Мемлекет тік Думасында ғы қызметіне <i>баға беру</i>	9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік <i>интерпретация жасау</i>

Аталған оқу мақсаттарының «Қазақстан тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарында сыныптар бойынша тақырыптық бөлімдерде нақтылануына тоқталайық. Мысалы, бөлімдер тақырыпты, зерттеу сұрағын және оқу мақсаттарын құрайды:

1) «Сақтар» бөлімі (5-сынып):

Тақырып: «Сақтар туралы тарихи мәліметтер». Зерттеу сұрағы: «Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?».

Тақырыптың оқу мақсаттары:

5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;

5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру.

2) «VI - IX ғасырлардағы Қазақстан» бөлімі (6-сынып):

Тақырып. «Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер». Зерттеу сұрағы: «VI-IX ғасырларда билік құрған қай қағандардың есімдері тарихта сақталды?».

Оқу мақсаттары:

6.3.1.1 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтау;

6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;

6.3.2.2 ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау;

6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттау үшін «Ұлы Дала» ұғымын қолдану.

3) «Қазақ-жоңғар соғыстары» бөлімі (7-сынып):

Тақырып. «Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы». Зерттеу сұрағы: «Неліктен Ордабасы ел бірлігінің нышаны болды?».

Оқу мақсаттары:

7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.3.1.1 Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдырудағы рөліне баға беру.

4) «XX ғасырдың басындағы Қазақстан» бөлімі (8-сынып):

Тақырып. «Қазақстанның ХХ ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы». Зерттеу сұрағы: «Не себепті А. Байтұрсынов: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды, - деп санады?»».

Оқу мақсаттары:

8.3.1.1 қазақ зиялыларының Ресей империясының Мемлекеттік Думасындағы қызметіне баға беру;

8.3.1.2 ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру.

5) «Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жылдар)» бөлімі (9-сынып):

Тақырып: «Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені». Зерттеу сұрағы: «Неліктен Қазақстан ядролық сынақтар алаңына айналды?».

Оқу мақсаттары:

9.3.1.1 қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау;

9.3.2.1 ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің «Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі» бөліміндегі «Империялар, соғыстар, көтерілістер және революциялар» бөлімшесінің оқу мақсаттары шиыршық принципі бойынша 1.9-кестеде беріледі.

1.9-кесте – «Империялар, соғыстар, көтерілістер және революциялар» бөлімшесінің оқу мақсаттары

5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.3.2.2 басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгергерткенін <i>түсіндіру</i>	6.3.2.2 У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған антифеодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын <i>анықтау</i>	7.3.2.2 XVIII–XIX ғасырдың ортасындағы халықара-лық қатынастардағы өзгерістерді <i>сипаттау</i>	8.3.2.2 әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді сипаттау арқылы империялардың (Австро – Венгрия, Ресей, Осман империясы) ыдырау себептерін <i>тұжырымдау</i>	9.3.2.2 «қырғи қабақ соғыс» ұғымын түсіндіру үшін тарихи оқиғаларды <i>талдау</i>

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінің оқу мақсаттары шиыршық принципі негізінде дағдыларды дамытуға негізделген. Осыған сәйкес оқыту мақсаты мен тақырыптар оқытудың белгілі бір академиялық кезеңдері өткеннен кейін білім мен дағдылар көлемін біртіндеп тереңдете, күрделене отырып қарастырады. Әр бөлімшенің ішінде жүйелі ұйымдастырылған оқыту мақсаты мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларға оқытудың келесі кезеңдері туралы

хабардар етуге мүмкіндік береді.

Мысалы, «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша бөлімдер келесі тақырыпты және оқу мақсаттарын құрайды.

1) «Қос дөңгелекті арбалар және империялар» бөлімі (5-сынып):

Тақырып: «Таяу және Орта Шығыстағы ежелгі империялар неліктен қуатты болды?».

Осы тақырыптың оқу мақсаттары:

5.3.2.2 басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгергерткенін түсіндіру;

5.1.2.1 ежелгі қоғамның әлеуметтік ұйымдасуын сипаттау;

5.4.1.3 ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесін сипаттау.

2) «XIV ғасыр- XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам» бөлімі (6-сынып):

Тақырып: «Қара індет» шаруалар көтерілістері мен феодалдық соғыстардың басты себебі болды ма?».

Оқу мақсаттары:

6.3.2.2 У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған антифеодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын анықтау;

6.3.1.4 феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату

3) «XIX ғасырдағы империялар және олардың бақталастығы» бөлімі (7-сынып):

Тақырып: «Ресей мен Британия Иранға ықпал ету үшін неге бақталас болды?».

Оқу мақсаттары:

7.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау;

7.3.2.2 XVIII-XIX ғасырдың ортасындағы халықаралық қатынастардағы өзгерістерді сипаттау;

7.4.2.1 түрлі мемлекеттердің өнеркәсіптік даму сатысына өту процесінің ерекшеліктерін салыстыру.

4) «Бірінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары» бөлімі (8-сынып):

Тақырып: «Бірінші дүниежүзілік соғыс әлем картасын қалай өзгертті?».

Оқу мақсаты:

8.3.2.2 әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді сипаттау арқылы империялардың (Австро - Венгрия, Ресей империясы, Осман империясы) ыдырау себептерін тұжырымдау.

5) «XX ғасырдың екінші жартысындағы әлемнің саяси картасы» бөлімі (9-сынып):

Тақырып: «1946-1963 жж. қырғи қабақ соғыстың ерекшелігі неде?».

Оқу мақсаттары:

9.3.2.2 «қырғи қабақ соғыс» ұғымын түсіндіру үшін тарихи оқиғаларды талдау;

9.3.2.3 тарихи фактілер мен картаға сүйене отырып, әскери-саяси одақтар

НАТО және ВШҰ-ның қарсылығын сипаттау;

9.3.1.4 тұлғаның тарихтағы рөлін анықтау.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша ұзақ мерзімді жоспардағы тақырыптар проблемалық сұрақтар түрінде құрастырылған, ол сабақ барысында оқушылардың проблемалық сұрақтарды қоя білу мен өздігінен сараптамалық талдау жасау дағдыларын дамыту, ой қызметін белсендендіруге мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақыталануы оқушыларда пәндік білім мен дағыдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы тәсілде оқытудың мақсаты нақты, қол жетімді және өлшемді болады.

Оқу мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімін функционалдық және шығармашылықта қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады.

Аталған дағдыларды қалыптастыру және дамыту оқытудың әдістері мен тәсілдері арқылы жүзеге асады.

2. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында білім сапасын анықтайтын білім мазмұны мен құрылымына өзгеріс енгізумен қатар, оқушылардың талдау, зерттеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың әдістері мен тәсілдерін тиімді іске асыру да маңызды болып табылады.

Сондықтан тарихты оқытудың әдістері мен тәсілдері мұғалім ұсынған әр түрлі оқыту әрекеттері арқылы оқушылардың ақпаратты өздігінен табу, әр түрлі кезеңдегі тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді талдау, түсіндіру және дәйекті баға беруге негізделген.

Тарих пәндерін оқытудың әлемдік тәжірибесіне сәйкес білім мазмұнын жаңартуда жалпы білім беретін мектепте тарихты оқытуда оқушылардың тарихи ойлау дағдысын қалыптастыру мен дамытуға басымдық берілген. Бұл оқушыларда оқу, зерттеу және тәжірибеге бағытталған дағдыларды (зерттеу, шешім қабылдау, сыни ойлау, өз бетімен оқу, ақпаратты өңдеу, практикалық дағдылар) қалыптастырумен анықталады.

Оқыту – жеке адамның қалыптасуының, ақыл-ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен, нақты мақсатқа бағытталған процесс болып табылады. Пән бойынша оқыту процесінде білім алушылар білімнің жиынтығын меңгереді және сол саламен тығыз байланысты білік пен дағды қалыптасып дамиды.

«Оқыту әдісі» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту процесінде мұғалімнің оқу жұмысы мен оқушылардың танымдық іс-әрекетімен байланыста шешілетін оқу іс-әрекетінің міндеттерімен сипатталады. Демек, оқыту әдістері – оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың біріккен іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Сонымен бірге дидактикада оқыту «тәсілдері» ұғымы кеңінен қолданылады. Тәсіл – әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, бір реттік әрекет. Оқыту процесінде әдістер мен тәсілдер әр түрлі құрамда қолданылуы мүмкін.

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп салалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұн, принциптер, оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие процесінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық) бақылаушы және түзетуші қызметтерді атқарады. Әдістер көмегімен оқыту мақсаты жүзеге асырылады, яғни бұл – үйретуші функцияның байқалуы, оқушылардың даму деңгейі мен қарқыны қамтамасыз етілетін – дамыту функциясы, сол сияқты тәрбие нәтижелерінің анықталуы – тәрбиелік функцияның жүзеге асырылуы болып табылады. Әдістер мұғалім үшін оқушыларды оқуға ұмтылдырушы құрал ретінде қолданылады, ал кейде танымдық іс-әрекетті ынталандыру қызметін атқарады[8].

Сондықтан сабақтың оқу мақсатына жету үшін мұғалімге пәнді оқытуды

ұйымдастыруда мазмұнға сәйкес әдістер мен тәсілдерді дұрыс тандай білу ұсынылады.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерін жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқытудың басты қағидасы «қалай білім алу керектігін білетін», дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады. Атап айтқанда:

– оқушылардың жеке пікірін тыңдау, олардың алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан әрі дамыту үшін қолдау;

– мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыру;

– проблемаларды шешу әдіс-тәсілдерін оқушыларға түсінікті жолмен көрсету;

– оқушылардың білім алуына «Оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау;

– оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс-тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуға бейімдеу;

– оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

– оқушылардың жеке, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының ерекшелігі – күтілетін нәтиже түрінде тұжырымдалған оқу мақсаттарымен қатар алғаш рет тарихи ойлау дағдылары кеңінен қарастырылды.

Оқу бағдарламасының оқу мақсаттары мен тәсілдерін тиімді түрде жүзеге асыруда «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқыту процесі төмендегідей тарихи түсініктер (концепт) негізінде ұйымдастырылады:

– өзгеріс және сабақтастық (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады немесе не өзгеріссіз қалды);

– себеп және салдар (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті, оның салдарлары қандай);

– дәлел (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наным-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);

– ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар);

– маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде);

– интерпретация (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Тарихи түсініктер (концепт) негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері 2.1-кестеде берілген.

2.1-кесте Тарихи түсініктер (концепт) негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері.

Дағды	Тарихи концепт	Күтілетін нәтиже
I. Тарихи деректердің интерпретациясы	1.1. Дәлел	<p>Білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қарастырылып отырған дәлелге қатысты тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, мысалы: аудитория, мақсаттары, көзқарастар, формат, дәлел, шектеулер және контекст; - тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды; - өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, кей кезде қарама-қайшы айғақтарды біріктіреді.
II. Уақыт пен кеңістікте бағдарлану	2.1. Өзгеріс пен сабақтастық	<p>Білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; - сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; - тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді.
III. Тарихи талдау және түсіндіру	3.1. Себеп және салдар	<p>Білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір немесе бірнеше себептердің және /немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; - ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; - тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды
	3.2. Ұқсастық пен айырмашылық	<p>Білім алушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе

	әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады
3.3. Маңыздылық	Білім алушылар: - қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды
3.4 Интерпретация	Білім алушылар: - белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

Сонымен, бұл кесте тарихи түсініктер (концепт) негізінде дағдыларды дамыту бойынша күтілетін нәтижелерді көрсетеді. Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабақта олардың біртіндеп кеңеюі мен прогрессиясын ескере отырып дамуы тиіс.


«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына қойылатын міндеті талаптардың бірі – сабақ барысында зерттеу жұмысын ұйымдастыру болып табылады.

Зерттеушілік тәсілі негізінде білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу іске асырылады. Зерттеу тәсілі:

- ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістерін оқу танымының барлық кезеңдерінде енгізу (қабылдаудан практикада қолдануға дейін);
- оқу және оқудан тыс іздестіру-шығармашылық қызметті ұйымдастырумен сипатталады.

Зерттеушілік тәсілі «мұғалім – білім алушы» өзара қарым-қатынасы сипатының ынтымақтастық жағдайына қарай өзгеруіне, сондай-ақ танымдық қызығушылығына, тәрбиелеуге, білім алу мен оқуға деген оң уәждеме құруға, терең, сапалы білім алуды қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеушілік тәсілді қолдану жеке тұлғаның зияткерлік дамуына, өзіндік білім алу дағдыларын, белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұғалім мен оқушының белгілі бір тарихи проблеманы шешудегі ізденісі бойынша ортақ шығармашылық процесін зерттеу жұмысы ретінде түсіну қажет. Осындай оқу процесін ұйымдастырудың күтілетін нәтижесі тарихи ойлау дағдыларын дамыту (болжамдарды ұсыну, зерттеу үшін сұрақтарды құрастыру, дереккөздерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, қорытындылар мен нәтижелерді қалыптастыру, жеке позицияны анықтау) болып табылады. Тарих сабағындағы жүргізілетін зерттеу жұмысының жүйесі 2.1-сызбада көрсетілген.



2.1-сызба – Тарих сабағындағы зерттеу процесі

Оқытудағы зерттеу тәсілі:

- ✓ оқушылардың зерттеу процесін зерделеуіне мүмкіндік береді;
- ✓ берілген тақырыптар бойынша басқа көзқарастағы ақпараттарды жинауға үйретеді;
- ✓ берілген тақырыпқа байланысты дәйектер мен пікірлерді талдау және жинақтау үшін ақпарат дереккөздерін қолдануға үйретеді.
- ✓ мәселені талқылауда өз жеке зерттеу нәтижелерін қоса отырып, тың көзқарастар мен жаңа идеялар ұсынуға мүмкіндік береді.

Оқытудағы зерттеу тәсілін дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушы дайын ақпаратты енжар қабылдаушыдан шығармашылық процестің қатысушысына айналады. Бұл оқушылардың пәнге деген көзқарасын өзгертіп қызығушылығын арттырады.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқытуды жоспарлау және ұйымдастыру 2.2- кестеде көрсетілген.

2.2-кесте – Оқу пәні бойынша оқытуды жоспарлау және ұйымдастыру

Оқушыларда білім мен дағдыларды қалыптастыратын тарихи зерттеуге тарту			
Әрқашан оқушылар жаңа білім алу үшін жағдай жасалады. Тарихи фактілер зерттеудің басты объектілері болып табылады	Тарихи зерттеу		Әр тақырыпқа сәйкесінше тарихи концепт (түсініктер) анықталады. Бұл өз кезегінде зерттеу мен тану процесін нақтылайды және
	Білім:	Тарихи түсініктер:	
	<ul style="list-style-type: none"> • Тарихи тұлғалар, оқиғалар мен процестер • хронология және оқиға/үдеріс/құбылыстардың ерекшеліктері 	<ul style="list-style-type: none"> • дәлел • себеп пен салдар • өзгеріс пен сабақтастық • ұқсастық пен айырмашылық 	

	<ul style="list-style-type: none"> • Тарихи терминдер 	<ul style="list-style-type: none"> • маңыздылық • интерпретация 	тарихи ойлау дағдыларын нақты оқу материалдары негізінде дамытуға мүмкіндік береді
	Коммуникация ↑		
<i>Міндетті талап</i> – өз зерттеулерінің нәтижелерін тиімді түрде көрсете білу			

Тарихи түсініктер (концепт) негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мағыналары мен маңыздылығын, үдерістер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл пәннің мағынасын терең түсінуге көмектеседі. Тарихи түсініктерге (концепт) сүйене отырып, тарихи материалдарды талдау жүзеге асырылады. Нәтижесінде, оқушылар тек қана пәндік материалды ғана емес, зерттеу процестері, дағдылар және біліктермен байланысты комбинацияларды (материалдарды жинау және реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде проблеманы қоя білу біліктілігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру) меңгереді.

«Дәлел» түсінігі (концепт) негізінде тарихи деректерді интерпретациялау дағдысын дамытуды қарастырайық. Аталған дағдыны сабақта қалай дамытуға болады?

«Дәлел» түсінігі (концепт) бойынша күтілетін нәтижелер:

- оқушылар қарастырылып отырған дәлелге қатысты тарихи айғақтың мысалы: аудитория, мақсаттары, көзқарастар, дәлел, шектеулер және контекст ерекшеліктерін талдау;

- тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасау;

- өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, кей кезде қарама-қайшы айғақтарды біріктіре білуі тиіс.

«Дәлел» түсінігі (концепт) негізінде оқушылардың тарихи деректерді интерпретациялау дағдысын қалыптастыру мен дамыту сыныптан сыныпқа өткен сайын дамуды қамтамасыз етеді, ол 2.3-кестеде көрсетілген.

2.3-кесте – сыныптар бойынша тарихи ойлау дағдыларын дамыту

Сыныптар	«Дәлел» түсінігі
5-сынып	тарихи деректерді зерттеу арқылы қойылған сұрақтарға жауап табу
6-сынып	пікірді қолдау немесе сынға салу үшін бірқатар деректерді қолдану
7-сынып	деректі оқу барасында «көзге түсетін ақпарат шегінен» шығу және тарихи сұраққа жауап беруге және белгілі бір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін қорытындылар шығару
8-сынып	алғышарттарын, аудиториясы мен негізгі міндетін ескере отырып, қорытынды шағару үшін деректерді тұжырымдау
9-сынып	негізгі қорытындыларды қолдау мақсатында тарихи деректерді, олардың контексті, аудиториясы мен міндеттері аясында бағалау

Аталған тарихи ойлау дағдысы оқушының өткеннің сипаты туралы жалпы қабылданған тарихи дәлелдерді сипаттау қабілеттілігінде көрініс табуы тиіс. Негізгі орта білім беру деңгейінде тарихты оқу барысында оқушылар тарихи дәйектерді қолдана отырып, бүкіл тарих курсы зерделеу барысында қарапайым сипаттама беруден шындыққа ұқсас тарихи дәлелдерді құруда қолданылатын қарама-қайшы тарихи деректерді бағалауға қарай алға бағытталуы тиіс. Мысалы, 8-сыныпта Қазақстандағы ұжымдастыру тақырыбын оқытуда оқушылардан фактілерді ескере отырып, аштықтың себептері туралы дәйекті дәлелдер келтіруге тапсырма беруге болады. Себеп-салдар байланыстарын анықтау үшін дәлелдерді қолдану оқушылардың өткен кезеңдерге терең көңіл бөлуіне ықпал етеді және нақты дәлелдемелермен дәйекті қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың дайын тұжырымдалған материалдарды зерделеуге қарағанда іздену арқылы өздерінің жеке тұжырым жасауы, зерттеушілікке деген қызығушылығын арттырады. Сонымен «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін тарихи концептілер негізінде оқытуда оқушылар өздерінің зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамытады және тарихи үдерістер мен оқиғаларды түсінуді үйренеді.

Білім алушылар:

- болжамдарды ұсынады;
- зерттеуге арналған сұрақтарды құрастырады;
- тарихи зерттеуді жоспарлайды және жүзеге асырады;
- тарихи фактілерді зерттейді және бағалайды;
- тарихи зерттеудің нәтижесін талқылайды, дәйектерді нақтылайды және қорытынды шығару үшін пайдаланады.

Тарихи ойлау әр түрлі деректерден (жазбаша құжаттарды, өнер туындыларын, археологиялық артефактілерді, ауызша және басқа да бастапқы дереккөздерді қоса алғанда) өткен тарихи оқиғалар туралы айғақтарды анықтау, сипаттау және бағалау қабілетін болжайды. Ол қажетті ақпаратты алу, негізделген қорытындылар жасау және осы айғақтарды контексте түсіну қабілетін қамтиды [9].

Оқу процесінде қолданылатын тарихи деректер пән мазмұнына, оқу мақсатына сәйкес таңдалып алынуы қажет. Сондықтан пәнді оқытудағы тарихи деректермен жұмыс жүргізу ретіне тоқталайық.

Сабакқа арнайы деректерді жинақтау келесі критерийлерге сәйкес айқындалады:

- тарихты оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сай болу;
- оқытылып жатқан кезеңнің негізгі фактілері мен оқиғаларын бейнелеу;
- тарихи білімдерді өзектендіруге жәрдемдесу;
- мазмұны мен көлемі бойынша оқушыларға қызықты, қолжетімді болу;
- оқушыларға белгілі бір эмоционалды әсер ету;
- әдеби және ғылыми құндылығы зор, ақыл-ой еңбегінің танымдық жетілдіруіне септігін тигізу.

Сонымен қатар зерттеу жүргізетін тарихи деректердің түрлері сабақ

тақырыбына сәйкес таңдалады. Тарихи дерек түрлері 2.4-кестеде бейнеленген.

2.4-кесте – Тарихи деректің түрлері

Тарихи деректің түрлері		
<i>Құжаттар</i>	<i>Артефакттар</i>	<i>Иллюстрациялар</i>
<ul style="list-style-type: none">• Кітаптар• Хаттар• Күнделіктер• Ережелер	<ul style="list-style-type: none">• Сүйектер• Керамика• Зергерлік бұйымдар• Тиындар	<ul style="list-style-type: none">• Суреттер• Фотолар• Гравюра• Диаграмма

Аталған деректермен жұмыс алгоритмі:

- тарихи зерттеу оқушыдан әр түрлі деректермен жұмыс жасауды қажет етеді;
- деректерді тиімді түрде қолдану «көзге көрінетін ақпарат шегінен» шығуды және сәйкесінше қорытындылар шығаруды көздейді;
- оқушылар негізделген қорытындыларды қолдау үшін деректерді олардың контекстінде, аудиториясы мен міндеттері аясында бағалайды.

Деректермен жұмыс алгоритмін дұрыс меңгерген оқушы зерттеу жұмысы барысында жақсы нәтиже көрсетеді. Сондықтан сабақ тақырыбына сәйкес деректермен жұмысты жүйелі жүргізу ұсынылады.

Тарихи деректердің маңыздылығы ол тарихи материалды нақтылауға, өткеннің жарқын бейнелері мен суреттерін жасауға ықпал етеді. Тарихи деректер арқылы білім алушыларда тарихқа деген қызығушылық қалыптасады. Жаңа фактілерді тарту оларға дәуір рухын сезінуге мүмкіндік береді. Олармен жұмыс істеу кезінде оқушылардың ойлау және қиял процесі белсендіріледі, бұл тарихи білімді меңгеруге және тарихи сананы дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың зерттеу элементтерімен өз бетінше жұмыс істеу, ақпаратты талдау және алу, өткен және қазіргі тарихи дереккөздердің мәнін бағалау дағдылары қалыптасады.

Мұғалімге білім алушыларға дереккөздерді тиімді пайдалануға және зерттеу арқылы сұрақтарға жауап табуға бағыт беру ұсынылады.

Мысалы «Түріктер туралы тарихи деректер» тақырыбында 6.2.2.3 көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін сипаттау атты оқу мақсатын «дәлел» концептісіне сәйкес ұйымдастыруда «Атлах шайқасына қатысты» суретке зерттеу жүргізу тапсырмасын беруге болады. Мұғалімге оқушылардың деректерді тиімді түрде қолдануына және зерттеу арқылы қойылған сұрақтарға жауап табуына бағыт беруі ұсынылады.

Аталған тапсырмаға сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып «Фотосуреттермен жұмыс» тәсілін қолдануға болады.

Фотосуреттер – тарих сабағындағы қызықты дереккөздердің бірі болып табылады. Фотосуреттер XIX ғасырдың басынан бері тарихтың әртүрлі аспектілеріне қатысты көптеген шынайы визуалды образдарды бейнелейді, соның ішінде әлеуметтік жағдай, соғыстар, техникалық өнертабыстар, саяси оқиғалар және т.б. Олар ұзақ әрі күрделі жазбаша дереккөздерге қарағанда түсінікті және қызықты болады. Ал, фотосуреттерді қарапайым әрі түсінікті

етіп ұсыну қажет. Мұқият талдаусыз ұсынылған ең қызықты деген фотосурет те оқушыға түсініксіз болуы мүмкін. Ең бастысы, оқушыларға визуалды дереккөздерді зерттеуге бағыттайтын сұрақтар мен тапсырмалар беру ұсынылады. Оқушылар фотосуреттерді визуалды дереккөзді-мәтінге және жазбаша деректерге қарағанда оңай қабылдайды. Визуалды дереккөздерді талдау бойынша тапсырма беру үшін, оқушыларды зерттеуге бағыттайтын сұрақтар мен тапсырмалар мазмұны түсінікті болуы қажет.

Фотосуретпен жұмыс жасаудың алгоритмі:

- фотосуреттерде көргеніңізді сипаттаңыз. Суретте бейнеленген ұсақ бөлектерге да назар аударыңыз;
- суретте қандай нысан басты назарда? Автордың неге көңіл бөлгісі келгенін анықтаңыз;
- фотосуреттегі адамдар қандай іс-әрекетпен айналысуда?
- ойланыңыз, неліктен суретші осы уақытта және осы оқиғаны фотоға түсіргенін анықтаңыз;
- фото мазмұнында мәтіндік ақпарат, плакат, жарнама, қолтаңба көрініс тапқан ба?
- егер фотосуреттің уақыты анық болмаған жағдайда, барлық мүмкіндікті пайдалану арқылы мерзімін анықтауға тырысыңыз;
- әрқашан фотосуреттің т.б деректермен (статистикалық деректер, тарихи оқиғалар, карикатуралар т.б) байланысын анықтаңыз;
- егер тарихи деректер бір-біріне қарама-қайшы келсе, оның себебін анықтаңыз. Қарама-қайшылықтардан тағы да қандай тың деректерді алуға болады? Қайсы дерек неғұрлым шынайы екендігіне көз жеткізіңіз?
- фото мазмұнында қандай оқиға, ақпарат, мәлімет т.б.жеткіліксіз болып тұр? [10].

Фотосуретпен жұмыс жасаудың алгоритміне сәйкес суретті талдауға арналған талдамалық жұмыс парағын қолдану оқушының зерттеу жұмысын жүйелі жүргізіуіне септігін тигізеді. Суреттің талдамалық жұмыс парағы 2.5- кесте көрсетілген.

2.5- кесте – Суреттің талдамалық жұмыс парағы.

1-қадам. Бақылау		
А	Суретті 2 минут ішінде зерттеңіз. Суреттен алған жалпы әсерді сипаттаңыз, содан кейін оның жеке элементтерін зерттеңіз. Суретті жеке бөліктерге бөліп, оның әр элементін зерттеңіз.	
В	Суреттегі адамдар, нысандар және іс-әрекеттерді анықтау үшін төмендегі кестені қолданыңыз.	
	Адамдар	Нысандар

2-қадам. Қорытынды			
	Өз бақылауларыңыздың негізінде негізгі үш нысанды көрсете отырып, суреттен қорытынды шығарыңыз		
3-қадам. Сұрақтар			
A	Бұл сурет сізде қандай сұрақтар тудырады?		
B	Оларға жауаптарды қайдан таба аласыздар?		

Нәтижесінде оқушылар суреттегі оқиғаларға сәйкес түркілердің әскери өнердегі жетістіктері бойынша қорытынды жасай алады.

Сонымен пәнді оқытуда оқушылардың тарихи ойлау дағдыларының бірте-бірте дамуы мен олардың кеңеюін есепке ала отырып сабақ барысында дамытылуы тиіс. Сынып бойынша тарихи түсініктер (концепт) негізінде дағдылардың дамуы келесі 2.6-2.10-кестелерде көрсетілген.

2.6-кесте – «Өзгеріс пен сабақтастық» түсінігі бойынша тарихи ойлау дағдыларын дамыту

Сыныптар	Білім алушылар...
5 сынып	мысалдар арқылы өзгерістердің орын алуына өзіндік түсіндірме беру
6 сынып	өзгерістер екі уақыт кезеңі арасындағы айырмашылық ретінде қарастырылуы мүмкін екендігін түсіну
7 сынып	өзгеріс пен сабақтастықтың өзара байланысқандығын және кейбір нәрселердің уақыт өте келе өзгеретінін, ал басқалары тұрақты түрде қалатынын түсіну
8 сынып	тарихи өзгерістер ұзақ уақыт кезеңі ішінде үдеріс (ағын) ретінде (қарқындылық, деңгей мен үрдіс жағдайында) сипатталуы мүмкін екендігін түсіну
9 сынып	өзгеріс пен сабақтастықтардың бір уақытта көптеген үдерістері (ағындары) бар екенін түсіну және олардың қалыпты түрде бір-бірімен байланыспайтындығын түсіну

2.7-кесте – «Себеп пен салдар» тарихи түсінігі

Сыныптар	Білім алушылар...
5 сынып	кейбір тарихи оқиғаларға түсіндірме беру
6 сынып	себеп және салдарларды анықтау арқылы өткен заманның оқиғаларына түсіндірме беру
7 сынып	бірқатар себептерді анықтау және олардың өзара байланысын көрсету негізінде белгілі бір оқиғаларға түсіндірме беру
8 сынып	себептердің кең ауқымды диапазонына негізделе және олардың өзара байланысын көрсете отырып, белгілі бір оқиғаларға түсіндірме беру
9 сынып	әрбір факторды толық талдау және олардың зерттеу сұрағымен және бір-бірімен өзара байланысын көрсете отырып, себеп-салдарлық байланыстарға жан-жақты түсіндірме беру

2.8-кесте – «Ұқсастық пен айырмашылық» тарихи түсінігі

Сыныптар	Білім алушылар...
5 сынып	адамдар, қоғамдар және зерттелген объектілер арасында ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипаттау
6 сынып	бір уақыт кезеңі шеңберіндегі әртүрлі қоғамдағы адамдардың тәжірибелері, ой-пікірлері мен нанымдарын түсіну және түсіндіру
7 сынып	ұқсастықтар мен айырмашылықтарды берілген белгілері бойынша жіктеу
8 сынып	тарихи оқиғалар/ құбылыстар/үдерістерді интерпретациялау үшін айқындалған ұқсастықтар мен айырмашылықтардың маңыздылығын анықтау
9 сынып	тарихи контекст пен тарихи перспективаны ескере отырып, айқындалған ұқсастықтар мен айырмашылықтарды бағалау және тұжырымдау

2.9-кесте – «Маңыздылық» тарихи түсінігі

Сыныптар	Білім алушылар...
5 сынып	белгілі бір оқиғалар басқа оқиғаларға қарағанда азды-көпті маңыздырақ болатындығын түсіну
6 сынып	оқиғалардың әсер еткен деңгейін анықтау негізінде тарихи оқиға немесе тұлғаның неліктен маңызды деп саналатынына бірнеше себептер келтіру
7 сынып	қоғамның әртүрлі топтары үшін оқиғаның маңыздылығын анықтау критерийлерін қолдану
8 сынып	белгілі бір уақытта және уақыт өтісімен оқиғаның маңыздылығын анықтау үшін критерийлерді қолдану
9 сынып	әртүрлі адамдар топтарының өзіндік перспективаларына сәйкес маңыздылықты әрқилы интерпретациялау себептерін түсіндіру

2.10-кесте – «Интерпретация» тарихи түсінігі

Сыныптар	Білім алушылар...
5 сынып	өткен заман оқиғалары әртүрлі тәсілмен көрсетілгендігін түсіну
6 сынып	өткен заман оқиғалары әртүрлі адамдар тарапынан әрқилы етіп көрсетілгендігін сипаттау
7 сынып	өткен оқиғаларға қатысты адамдардың түрлі пікірлердің орын алу себептерін келтіру және бұл пікірлерді сипаттау
8 сынып	адамдардың неліктен өткен заман оқиғаларының түрлі интерпретацияларын жасағандығын, олардың мақсат-мүдделері мен келтіретін дәлелдерді есепке ала отырып түсіндіру
9 сынып	белгілі бір оқиға немесе тұлға бойынша негізді қорытындылар шығару үшін түрлі интерпретациялар мен пайымдауларды олардың маңыздылығына қарай талдау

Әр сыныпқа арналған дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер оқушылар жетуі тиіс минимум болып табылғанымен, оқушылардың бір бөлігі келесі сыныптарда қалыптасуы көзделген дағдыларды игеруі мүмкін [11].

Белгілі бір тарихи концептілерге құралған білім беру оқушылардың бойында нақты оқыту материалының негізінде тарихи ой-сананы қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Тарихи түсініктермен қатар

сабақты жоспарлауда оқытудың әдіс-тәсілдерін де пән мазмұнына сәйкес анықтау ұсынылады.

Пән бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер:

- ✓ Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсілдер;
- ✓ Іс-әрекетке бағытталған тәсілдер;
- ✓ Оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсілдер;
- ✓ Саралап оқыту тәсілдері;
- ✓ Коммуникативтік тәсіл;
- ✓ Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану болып табылады.

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсілдер – бұл оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәсілі, белгілі бір құндылықтар тарапынан оның нәтижелерін алу және қолдану. Құндылықтарға бағытталған оқу процесі оқушының жеке тұлғалық құндылықтар жүйесін мақсатты түрде қалыптастырады. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасында қолданылатын құндылықтарға бағытталған ұстаным қазақстандық патриотизмді, толеранттық сана, өз елінің тарихи өткеніне, ата-бабалар мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді. Өртүрлі тарихи кезеңдегі өз елінің тарихын зерделеу арқылы оқушылар тарихи процестің біртұтастылығы мен сабақтастығын, оған қоса Қазақстан тарихын дүниежүзі тарихының бір бөлшегі екенін түсінеді.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша оқушылар әлем елдерінің тарихын зерделеу арқылы мәдени әртүрлілікті, сонымен қатар адамзат қауымдастығының біртұтастылығын түсінеді, халықтар мен елдердің бейбіт, екі жаққа да пайдалы ынтымақтастық пен әрекеттестікті орнатудың жолдары мен әдіс-тәсілдерін анықтайды.

Оқушылар тарихи даму процесіндегі Қазақстанның халқы адамзаттың ілгеруіне өзіндік бірегей әрі ауқымды үлес қосқандығын түсінеді. Оған қоса олар тарихи мұрадағы мәселелер мен қарама-қайшылықтардың бар екендігін біледі, тарихи процестердің заңдылықтарын анықтауға және олардың одан әрі дамуын болжауға үйренеді.

«Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша құндылыққа бағытталған тәсіл негізінде пән мазмұны арқылы құндылықтарды қалыптастыруды қарастырайық.

9-сынып «Қазақстан тарихы»

<i>Құндылық: Қазақстан тәуелсіздігі және Астана</i>	
<i>Оқу мақсаттары</i>	<i>Оқытудағы іс-әрекет</i>
«Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде жариялануының тарихи маңызын түсіндіру»	- 1990 жылғы «Қазақ КСР-ның Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» мен 1991 жылғы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңын» салыстырып ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды, тұжырым жасайды.

	- «Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңы қабылдануының тарихи маңызы неде» атты тақырыпта шағын эссе жазады
«Астананы Қазақстанның өркендеуінің нышаны ретінде бағалау»	- Түрлі деректерді қолданып, ҚР Елордасын көшіру себептерінің тізімін жасайды. Бес-алты себепті маңыздылығына қарай «пирамидаға» орналастырады. Таңдауларын түсіндіреді

Аталған тәсіл оқушының жеке тұлғалық құндылықтар жүйесін мақсатты түрде қалыптастыруға септігін тигізеді. Тарихи талдау және түсіндіру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Оқытудағы тұлғаға бағытталған тәсілдер сабақтағы мұғалім мен оқушының субъект-субъектілі қатынастарды, оқушыға деген демократиялық қатынасты, оның жеке тұлғасына құрметін, оқушының оңтайлы моральды-этикалық қасиеттерінің, ықтималды мүмкіндіктерін есепке ала отырып таланттарын айтарлықтай ашу мен қалыптасуын білдіреді. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында тұлғаға бағытталған тәсіл оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруді, тарихи дамудың күрделі сұрақтарын талқылау барысында өзінің ой-пікірін анықтау мен қорғай білу дағдыларын қалыптастыруды, тарихи оқиғаларға баға беру және өзіндік қорытындыларды шығару, қарастырылып отырған тарихи оқиғалар мен процестерге өзіндік көзқарас пен пікір білдіруді көздейді.

Іс-әрекетке бағытталған тәсілдер білім мен дағдылардың белсенді танымдық іс-әрекет процесінде қалыптасатындығын білдіреді, өз кезегінде бұл тарихи деректер мен басқа да ресурстарды өзіндік іздеу, интерпретациялау, талдау, тұжырымдау мен бағалауды білдіреді. Оқушылар проблемалық сұрақтарды бірлесіп талқылау, рөлдік ойындар мен белсенді оқыту формаларында белсенділік танытып, қатысады. Оқу бағдарламасында жаңа ақпаратты қолдану мен түрлендіру мүмкіндіктерін қолдануға баса назар аударылады, сондықтан ол оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Саралап оқыту тәсілдері оқу процесін оқушылардың әртүрлі топтарына мамандандырылуын, оқушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі жағдайларды жасауды көздейді. Саралап оқыту тәсілі әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігі, оқу-танымдық қызығушылықтары, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады. Тарихты оқытуда саралауды жүзеге асырудың әдіс тәсілдері: оқыту материалының көлемі; күрделілік деңгейі, шығармашылық деңгейі, оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алу деңгейіне байланысты және оқушыларға қажетті қолдаушылықтың

сипатына қарай іске асырылады. Пәнді оқытуда саралаудың келесі түрлері қолданылады.

Тапсырмаларды саралаудың түрлері

<i>Айқын саралау</i>	<i>Жасырын саралау</i>
1. Жеке жұмысқа арналған күрделілік деңгейіне байланысты тапсырмалар	1. Тапсырмаларды орындау барысында алгоритмдерді, теориялық анықтамаларды, қосымша сұрақтарды қолдану арқылы жүзеге асады
2. Қабілеттері жоғары оқушыларға күрделірек тапсырмалар беріледі	2. Мәтін, кесте, схемалармен жұмыс
3. Түрлі деңгейдегі тапсырмалары бар карточкалар	
4. Әрбір оқушымен жеке жұмыс жасау	
5. Жеке шығармашылық жұмыс	
6. Алдыңғы оқытылатын тақырыптарға алдын ала материалдар дайындау	

Мәтінмен жұмыс жасағанда келесідей жасырын саралау тапсырмаларын беруге болады:

1 топ- мәтін мазмұнын 5 сөйлеммен мазмұндап беріңіз;

2-топ- мәтіндегі 15 түйінді сөзді атаңыз;

3-топ- мәтін негізінде 10 жалған тұжырымдарды жазып, басқа топқа олардағы қателерді анықтауға тапсырма беріңіз;

4-топ-мәтін бойынша 4 жіңішке және 4 жуан сұрақтар құрастырыңыз.

Қабілетті жоғары оқушылар әрдайым берілген тапсырмадан көп орындайды.

Сәйкестік аймағындағы карточкалармен жұмыс бойынша тапсырмаларды саралауда:

- ең маңызды тапсырмаларды анықтау;
- маңызды емес тапсырмаларды анықтау;
- бір-бірімен байланысты тапсырмаларды анықтау;
- әр карточкадағы түйінді сөзді белгілеу;
- карточкадағы ақпаратты екі есе қысқарту;
- жетпейтін карточкаларды құрастыруға арналған тапсырмалар беруге

болады.

Коммуникативтік тәсіл білім берудегі коммуникативтік тәсіл дегеніміз ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу процесі. Коммуникативтік тәсілдердің нәтижесі болып тіл арқылы байланыс орнату қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын таңдай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады. Коммуникативті тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі қатынасу икемділігін қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіру керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндерін оқыту процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын (ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру) дамыту үшін жағдайлар жасалуы қажет.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқыту барысында АКТ-ны қолдану мүмкіндіктері:

- ақпаратты іздеу, сұрыптау және фактілер мен құбылыстар арасындағы байланыстар мен айырмашылықтарды анықтау, салыстыруға байланысты өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыту;

- оқушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

- белсенді оқытудың әдіс - тәсілдерін қолдау үшін интерактивті тақталарды пайдалану;

- оқушылардың электронды оқулықтарды пайдалануы;

- компьютерлік презентациялардың түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырыптар бойынша шығармашылық жобаларды жасау;

- оқушылардың пікір-талас өткізу және тарихи мәселелерді талқылауына игі ықпал ету үшін компьютерлік қарым-қатынас құралдарын (мысалы, онлайн-форумдар, конференциялар) пайдалану болып табылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында аталған тәсілдермен қатар белсенді оқытудың әдістерінің жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Өйткені күрделілігі күн сайын артып, өзгеріп және тез жетіліп келе жатқан әлемде білім алушылардың өмір бойы білім алуын оңтайландыру үшін оқушылардың жеке қабілетін жан-жақты дамытып, білім беру шеңберінде тиімді ойлау қабілетін сіңіру қажет.

Сондықтан қазіргі мұғалімге білім берудің жаңартылған мазмұнының жаңа талаптарын жақсы білу, оқу бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптарға сәйкес сабақ құра білу талаптары қойылады, өйткені мұғалімнің қызметі оқу нәтижесіне бағытталған.

Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес мұғалімнің оқыту процесіндегі рөлінің өзгеруі 2.11- кестеде көрсетілген.

2.11-кесте – Мұғалім мен оқушы рөлінің өзгеруі

<i>Оқыту ортасында мұғалім тұратын сынып</i>	<i>Оқыту ортасында оқушы тұратын сынып</i>
Мұғалім «білім көзі» ретінде	Мұғалім білімнің ұйымдастырушысы ретінде
Мұғалім оқушылар үшін «орындаушы ретінде»	Мұғалім жәрдемдесуші «дәнекер» ретінде

Оқушылар білімді «енжар» алушылар	Оқушылар белсенді және бірлескен
Оқушылар сұрақтарға жауап береді	Оқушылар сұрақ қояды
Оқушылар «шектен тыс қамқорлыққа алынған»	Оқушылар өздерінің рефлексивті оқуы үшін жауапты болады
Оқушылар бір бірімен бәсекелеседі	Оқушылар оқу үдерісінде бірігеді
Оқушылар өз пікірлерін білдіреді	Оқушылар басқалардың пікірлерін белсенді тыңдайды

Белсенді оқыту мен оқудың белгілі бір әдісін пайдалану алдында мұғалімдер өздеріне әртүрлі сұрақтар қойып, өзінің оқу процесіндегі рөлі мен іс-қимылын ұдайы ойластырып отыруы керек.

Оқытудың белсенді әдістері — оқу материалын меңгеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке бағыттайтын әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет процесінде өз бетінше білім, біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің негізінде оқушының практикалық және ойлау әрекеті қалыптасады. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер:

- оқушылардың проблемаларды анықтауда өз ойларын, пікірлерін айту, дәлелдеу, болжам ұсыну, зерттеуді жоспарлау қабілеттерін дамытатын жағдай туғызу;

- мұғалім және оқушы, сонымен қатар оқушылардың өз арасында сенім қалыптастыру;

- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;

- белгілі бір тақырып туралы «ой-талқы» әдісін ұйымдастыру (проблемаларды табу, әр оқушының идея ұсынуы, бүкіл сыныппен талқылау, оны талдау және шешімнің дұрыс нұсқасын қабылдау);

- сабақта оқушылардың белсенділігін қажет ететін тарихи проблемаларды талқылау;

- оқушыларды оқыту процесіне баулу үшін, оқушылардың жетістік белгілерін, яғни бірін - бірі, өзін - өзі бағалауды қолдану;

- ғылыми сұрақтарды зерттеу мақсатында жеке, топтық жұмысты ұйымдастыру, мысалы, жеке немесе топтық зерттеуге;

- оқушыларда топтық жұмыс дағдыларын дамытатын бірлескен жұмысты ұйымдастыруға бағытталған.

Оқытудың аталған формалары мен әдістері сабақты ұйымдастыруда тақырып пен оқу мақсаттарына сәйкес сараланады. Сондықтан оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке бағыттайтын оқыту мен оқудың белсенді әдістеріне тоқталайық.

БББ (Білемін – Білгім келеді – Білдім) әдісі

Қалыптастырылатын дағдылар: - ақпаратты басқару; - өзін өзі басқару.

Бұл әдіс оқушылардың қазіргі білім деңгейін, оларда бар олқылықтарды анықтауға; өз оқуының табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында жоспарлауға және зерттеуден кейін қандай жаңа ақпарат зерделенгенін талдауға арналған стратегия ретінде пайдаланылады. Бұл әдіс игерілген білімге негізделеді және командалық жұмыс пен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

Жұмыс алгоритмі

1. БББ кестесіндегі «Білемін» бағанына оқушылар олардың белгілі бір тақырып немесе сұрақ бойынша нені білетінін жазады.

Егер оқушылар топтарда жұмыс істейтін болса, олар өздерінің бірлескен жауаптарын кестеге жазбай тұрып, алдымен «Стикер» тапсырмасын өткізе алады.

2. Содан кейін оқушылар «Білгім келеді» бағанына не білгілері келетіндігі туралы жаза отырып, өз білімдеріндегі олқылықтар туралы ойланады.

3. Тақырыпты меңгеру процесі аяқталғаннан кейін оқушылар соңғы «Білдім» бағанын толтырады. Бұл жерде олар бірінші екі бағанның дұрыстығын растайды және тақырып бойынша алған білімдерін өздерінің бұған дейін болған, «Білемін» бағанында жазылған білімдерімен салыстырады.

<i>Білемін</i>	<i>Білгім келеді</i>	<i>Білдім</i>

«Гауһарлар иерархиясы» әдісі

Қалыптастырылатын дағдылар: басқалармен жұмыс істеу; ойлау, шешім қабылдау.

Бұл тапсырманы шағын топтар орындайды, ол ақпараттар мен идеялардың артықшылықтарын айқындауға бағытталған. Бұл оқушылардың белгілі бір сұрақтарды белгілі тәртіппен орналастырып, неге ол ретпен орналастырғанын түсіндіру дағдыларын дамытуға жәрдемдеседі.

Сыныпты жоспарлау: Оқушылар тақтаның немесе қабырғаның жанында жұмыс істейді. Немесе топтар үстел басында жұмыс істей алады.

Жұмыс алгоритмі:

1. Оқушыларға карточкада немесе стикерде белгілі бір сұраққа қатысты тоғыз идея беріледі (немесе өздері алдын ала жазады).

2. Олар өзінің бірінші басымдық берген карточкасын жоғарыға қояды, бұдан кейін екі карточканы екінші орынға қояды, үш карточканы үшінші орынға қояды, содан соң қайтадан екі және неғұрлым төмен артықшылығы бар карточка төменге орналастырылады. Осылай гауһар тас пішіні пайда болады.

3. Оқушылар бір-бірімен бітімге, келісімге қол жеткізуге ұмтылуы тиіс. Сондықтан олар карточкалардың ретін өзара талқылап, өз пікірлерін білдіреді.

4. «Бес сұрақ» сияқты жаттығуды пайдалана отырып, бірінші кезектегі карточкаларды анағұрлым толық зерделеуге болады.

Мысалы, 8-сыныпта «Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу» тақырыбы бойынша оқушыларға Кеңес үкіметінің Жаңа экономикалық саясаттан бас тарту себептерін ұсынып, «Гауһарлар иерархиясы» әдісі арқылы маңызды себебін анықтатыңыз. Өз көзқарасын білдіруін ұйымдастыруға болады.

Кеңес үкіметінің ЖЭС-тан бас тарту себептері:

- ✓ Кеңестік идеологияға қайшы келуі;
- ✓ Социалистік ұстанымға қарсы болуы;
- ✓ Әлеуметтік жіктелудегі алшақтық;
- ✓ Жұмыссыздықтың артуы;
- ✓ Шетел капиталының арта түсуі;
- ✓ Ұжымдастыру саясатының енгізілуі;
- ✓ Сталиннің жеке көзқарасы;
- ✓ Ұсақ товар өндірушілерге қарсы күрестің күшейуі;

Нәтижесінде нарықтық экономиканың заңдылықтарына негізделген Жаңа экономикалық саясаттың кеңестік идеологияға қарама-қайшы келгендігіне көз жеткізіп, Кеңес үкіметінің жоспарлы экономикаға көшіп, ол өз кезегінде қиыншылықтарға әкелгеніне тоқталып сабақты қорытындылауға болады. Оқушылар себептерін анықтау барысында, жауаптарын Гауһартас пішініне сәйкес орналастырып, дәлелдер мен фактілер келтіреді.

«Әуе шары» әдісі

Қалыптастырылатын дағдылар: басқалармен жұмыс; ойлану, шешім қабылдау, мәселені шешу; ақпаратты басқару.

Бұл әдісті жоспарлау құралы ретінде пайдалануға болады. Ол оқушыларда проблемаларды салыстырып, оның салдарын болжау, белгілі бір іс-шараны жоспарлап, ұйымдастыруда құрылымдық тәсілді қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сыныпты жоспарлау: Оқушылар тақтаның немесе қабырғаның жанында, болмаса топтар үстел басында жұмыс істей алады.

Жұмыс алгоритмі:

1. Оқушыларға әуе шарының суреті беріледі.

2. *Әуе шарында кім болуы керек?* Оқушылар бұл мәселе бойынша басты кейіпкерлердің есімдерін жазады: шарды әуеге көтеріп, оны басқару үшін онда болуға тиіс адамдарды анықтайды.

Жоба табысты болуы үшін оларда не болуы керек? Оқушылар жобаның табысты болуы үшін қажетті деп санайтын барлық нәрселерді шарға жазады.

Оны не кідіртеді? Зәкірдің жанына оқушылар жобаның табысты басталуына кедергі жасайтын факторларды жазады.

Оған қатты жылдамдықпен ұшуға не көмектесе алады? Оқушылар әуе шарына тікелей қатысы жоқ, алайда жобаның алға жылжуына септігін тигізетін жұмысқа қабілеттілік, ынта және креативтілік сияқты факторларды белгілейді.

Шарды бағытынан не шатастыра алады? Оқушылар шардың екі жағына жобаны орындау барысында туындауы мүмкін проблемаларды жазады.

3. Тапсырманы аяқтағаннан кейін оқушылар жоспарлау процесін одан әрі жақсарту мақсатында өздерінің шарларын салыстыра алады. Оқытудың бұл әдісін тарихи оқиғалардың маңыздылығын анықтауда қолдануға болады.

«Әр адам әрқайсын оқытады» әдісі

Қалыптастырылатын дағдылар: бірлескен жұмыс; ақпараттарды басқару. Бұл – оқушылар арасында нақты ақпараттың ауқымды көлемін таратудың балама тәсілі. Бұл жерде мұғалім дәріс оқу немесе айтып түсіндірудің орнына, оқушылар тақырыпқа қатысты ақпаратты өздерінің құрбыларымен бөліседі. Ақпаратты тарату бойынша басқа да пайдалы ойын үшін «Кластер» тәсілін қолдануға болады.

Сыныпты жоспарлау: Жүріп-тұру және әңгімелесу ыңғайлы болуы үшін ашық кеңістік қажет. Немесе төрт адамнан тұратын топта оқушылар партада отырады, екі оқушы белгілі бір уақыт өткеннен кейін тобын ауыстыра алады.

Жұмыс алгоритмі:

1. Белгілі бір факт немесе статистикалық деректері бар қағаз парағы әрбір оқушыға таратылады. Мүмкіндігінше әрбір оқушы үшін әртүрлі тұжырым болғаны жақсы.

2. Олардың тұжырым мағынасын түсінгенін анықтау мақсатында, оқушылар өздерінің тұжырымдарын оқиды.

3. Оқушылар сынып ішінде жүріп, өздерінің тұжырымдарын басқа оқушылармен бөліседі. Оның мақсаты өзінің фактісін барынша көп адамға түсіндіру болып табылады.

4. Оқушылар мысал келтіре отырып, өз түсініктемелерін толықтыра алады. Егер қисыны келсе, олар өз тұжырымдарын басқа оқушылардың тұжырымдарымен байланыстыруға тиіс.

5. Фактілермен алмасуға арналған уақыт аяқтағаннан кейін, оқушылар тапсырманы орындау барысында алынған ақпаратты жүйелеу үшін шағын топтарда жұмыс істейді.

6. Кейіннен жауап алу жүргізілген кезде оқушылар өздерінің санаттау жүйесін түсіндіреді және дәлелдейді.

7. Олар сонымен қатар әртүрлі фактілерге/деректерге қатысты өздерінің реакциясымен бөлісуі мүмкін. Оларды не таң қалдырды? Оларды не абыржытты? Қандай да бір тұжырым оларды мұңға батырды ма немесе бақытты етті ме? Немесе қандай тұжырым оларды қызықтырды?

8. Оқушылар өзінің жеке оқуы туралы ойлануы мүмкін. Олар қандай ақпаратты есте жеңіл сақтайды? Олар үшін ең маңыздысы не?

9. Барлық сауалдар бойынша басты тұжырымдарды тақтаға немесе оқу плакатына жазып қоюға болады.

Бұл әдісті «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен 8-сыныпта «Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы» тақырыбы бойынша Қазақ Автономиялық кеңестік Республикасы құрылуына белсене атсалысқан ұлт зиялыларының (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, М.Сералиннің) ролін анықтап, қазақ жерінің қалпына келтіруінің маңызын ашып, пікірлерін дәлелдеу туралы тапсырмада қолдануға болады. Мысалы, оқушылар АКСР-дің шекарасының белгіленуі; т.б. анықтап жауаптарын ұсынады.

«Факт немесе пікір» әдісі

Қалыптастырылатын дағдылар: ойлау, шешім қабылдау, проблемаларды шешу; бірлескен жұмыс.

Бұл әдіс бойынша оқушылар оларға ұсынылған нәрсе факті ме, әлде қарапайым пікір болып (құндылық туралы ойға негізделген) табыла ма, соны шешуге тиіс. Плюралистік қоғамда дәлелдердің негізінде фактілер мен пікірдің ара-жігін ажырата білу маңызды дағды болып табылады. Осы қиын тапсырма оқушыларды білімнің қалай алынатынын түсінуге ынталандырады (көптеген жағдайда бір нақты жауап болмауы да мүмкін). Оқушылар өз ұстанымдарын талқылау үшін топтарда жұмыс істейді. Осы жаттығу нәтижелі болуы үшін одан кейін *жауап алу* ұсынылады.

Жұмыс алгоритмі:

1. Оқушыларға белгілі бір мәселеге қатысты бірқатар тұжырымдар беріледі. Көптеген жағдайларда олар талқыланып отырған мәселенің екі қырын бейнелейтін пікір болып келеді.

2. Оқушылар тұжырымдарды талдап, олар факті ме, әлде пікір ме соны анықтайды. Оқушылар өз шешімдерін дәйектеу үшін дайындалып, кері байланыс кезінде сынып алдында олармен таныстырады. Сонымен қоса оқушылар топтар арасындағы пікірлердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын қарастыра алады.

3. Тапсырманы орындағаннан кейін *жауап алу* кезінде оқушылар осы пікірге тоқтауға ықпал еткен үдерістерге тоқталады. Топтар қандай тоқтамға келді? Әртүрлі пікірлер көп болды ма, бір шешімге, келісімге келуге мүмкіндік болды ма? Пікірлер жеткілікті дәрежеде негізделді ме? Пікірлер дәйекті баяндалды ма? Топтың ішінде рөлдер бөлінді ме?

4. Кері байланыстың негізінде оқушылар *«Барлық факторларды ескеру»* сияқты жаттығулар арқылы сұрақтарды одан әрі зерделей алады. Себептер мен салдарларды қарастыру үшін *«Салдарлар дөңгелегі»* немесе *«Себеп-салдарлық байланыстар стратегиясын»* пайдалануға болады.

«Өзіндік ойын» әдісі

Қалыптастырылатын дағдылар: ақпаратты басқару; ойлау.

Бұл әдіс оқушыларда белгілі жауапқа қатысты сұрақ құрастыра білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Ол сонымен қатар балама сұрақтар туралы креативті ойлауға қабілетті оқушыларды анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыс алгоритмі:

1. Оқушыларға сабақта қарастырылатын тақырыпқа қатысы бар сұрақтардың жауаптары беріледі. Жауаптар жай ғана күн, есім немесе орын, эмоция немесе абстрактілі түсініктер түрінде болуы мүмкін.

2. Оқушылар әр жауап үшін сұрақ ойлап табуы керек.

Мысалы, «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша» Сұрақтар мен жауаптардың үлгілері:

1834-1847жж.(Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс қай жылы болды?)

Бумын (Түрік қағандығының алғашқы қағаны кім болды?)

Бұланты өзенінің бойындағы Қарасиыр жері («Қалмақ қырылған» шайқасы қай жерде болды?)

3. Егер жауаптың бір мәнді сұрағы болмаса, оқушылар өздері ойлап тапқан сұрақтарды бір бірімен салыстырып, белгілі бір сұраққа қатысты тоқтамға қалай келгенін дәлелдейді.

КӘМТ (Күш, Әлсіздік, Мүмкіндік, Тәуекел)ӘДІСІ

Қалыптастырылатын дағдылар: басқалармен жұмыс; ойлау, шешім қабылдау; проблемаларды шешу.

Бұл әдіс оқушыларға мәселенің барлық аспектілерін зерттеуге мүмкіндік береді. Ол болашақта бастама жасау үшін іс-әрекет жоспарын дайындау барысында пайдаланылуы мүмкін. Ол сонымен қатар бұған дейін не істелгенін және болашақ салдарын назарға алу үшін топты немесе оқиғаны бағалауға арналған тәжірибелік құрал бола алады.

Сыныпты жоспарлау: Бұл тапсырманы әртүрлі тәсілдермен орындауға болады. Ақпарат жинау үшін қағаз конвейерді пайдалануға болады, бұл жағдайда мұғалім топтардың парталар арасында жүріп-тұруы ыңғайлы болуын ойластыру керек. Немесе топтар өз орындарында қалып, проблемаларды қарастыру үшін төменде қоса берілген шаблонды пайдалана алады.

Күш	Әлсіздік
Тәуекел	Мүмкіндік

Жұмыс алгоритмі:

1. Мұғалімнің оқушылармен КӘМТ мағынасын талқылап, әрбір термин жеке алғанда нені білдіретінін, әсіресе «күш», «мүмкіндік», «әлсіздік» және «тәуекел» арасындағы айырмашылықтарды түсіндіргені жөн. «Мүмкіндіктер» және «тәуекелдер» болашақта туындауы мүмкін болжалды салдарларға шоғырлануы тиіс, ал «күш» пен «әлсіздік» бұған дейін болғанды зерттеу негізіндегі мәселенің оң және кері аспектілерінің тізімін құруды қамтиды.

2. Оқушыларға талқылап, баға беруге арналған ақпарат беріледі. Идеялар тиісті тақырыпшалармен беріледі (К-Ә-М-Т).

3. Мұғалім бір тақырыпшаға тоқталып, оны талқылап болған соң ғана келесі тақырыпшаға көшеді. Мысалы, оқушыларға «мүмкіндікке» көшпес бұрын, «күшті» зерттеуге уақыт беріледі.

4. Кері байланыс кезінде мұғалім мына сұрақтарды қоя алады: Не жақсы? Не жаман? Қазір не болуы мүмкін? Болашақта алға ілгерілеуге не кедергі жасауы мүмкін?

5. Командалық жұмыс бойынша *жауап алу* пайдалы болады [12].

«Фишбоун» әдісі.

Топтарда жұмыс істеу кезінде қолдануға болатын әдістемелік тәсілдердің бірі-бұл «Фишбоун» әдісі. Ол ағылшын тілінен «балық сүйегі» немесе «Балық қаңқасы» деп аударылады және оқушылардың сыни ойлауын көрнекі-мазмұнды түрде дамытуға бағытталған. Осы әдістемелік тәсілдің мәні-талдау объектісі мен оған әсер ететін факторлар арасындағы себеп-салдарлық өзара байланысты анықтау, талдау жасауға негізделген. Сонымен қатар, әдіс білім алушылардың ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын және проблемаларды қою және шешу біліктілігін дамытуға мүмкіндік береді [13].

Аталған әдісті «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша 8-сыныпта «1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері» тақырыбы көлемінде қарастыруға болады.


Тарихи концепт: дәлел

Зерттеу мен талдау бойынша топтық жұмыс: Оқушыларға Ақпан революциясы туралы ықшамдалған мәтін таратып, «Фишбоун» әдісі арқылы талдау жүргізуге бағыттаймыз.

Критерийлері:

- Ақпан революциясының мәселесі
- Ақпан революциясының себептері (3 себеп)
- Ақпан революциясының барысы (3-4 іс-әрекет, дәлелдер)
- Ақпан революциясының нәтижесі (3 нәтиже)

Мысалы, «Фишбоун» әдісі арқылы талдау



Ақпан революциясының мәселесі: саяси-экономикалық қысым.

Ақпан революциясының себептері: соғысқа қарсылық, шаруалар мен жұмысшылардың әлеуметтік жағдайының төмен болуы, реформалардың толық орындалмауы т.б.

Ақпан революциясының барысы: елде қос үкіметтілік (ресми Уақытша үкімет және оның жергілікті жүйесі мен нақтылы күшке ие болған Кеңестер) жүйесі қатар орнады.

Дәлел: саяси, діни, қарулы көтеріліс және т.б. істер бойынша амнистия жариялады. Сөз және баспасөз бостандығын жария етті;

Ақпан революциясының нәтижесі: патша үкіметін құлатып, елде буржуазиялық-демократиялық республика орнады. Аталған тәсілді оқу процесінде қолдану оқушыларға берілген критерийлер арқылы оқиғаны талдап, дәйекті дәлелдер келтіруге бағыттайды.

Жоғарыда аталған белсенді оқыту әдістерін қолдану оқушылардың пәнге танымдық қызығушылығын дамытуға, психологиялық механизмдерді жандандыруға бағытталған. Ұсынылған әдістерді пайдалану оқушыларды мақсатқа бағыттауға әкеледі, оларды жүйелі ойлау, ынтымақтастық дағдыларына үйретеді, өзін-өзі басқаруға, өз бетімен талдауға, білімді құрылымдауға және жинақтауға, оқиғалар мен тарихи процестердің өзара байланысын көруге үйретеді, оқытылатын материалға жеке көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістер мен тәсілдер оқушылардың қоршаған ортаны белсенді тануға туа біткен қажеттілігін ашуға мүмкіндік береді.

Жобалау әдісі.

Тарих сабағында оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатын жұмыстың перспективалық түрлерінің бірі жобалау әдісі болып табылады. Білім берудегі жобалық әдіс бұл оқушылардың танымдық әрекетін белсендірудің дидактикалық құралы, белгілі бір жеке қасиеттерді қалыптастырумен қатар шығармашылықты дамыту. Бұл технологияның негізін дербестік, іс-әрекет және нәтижелілік құрайды. Жобаның түрін (ақпараттық, ойын, зерттеу, шығармашылық және т. б.) таңдау оқушылардың жас ерекшелігі мен тақырыбына байланысты.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзілік тарихы» бойынша алынатын тақырыптар білім алушылардың дайындық деңгейіне байланысты маңызды, қызықты және күрделенуі тиіс. Бұл ретте жұмыс топта да, жеке де ұйымдастырылады.

Жұмысты бастамас бұрын, алдын ала оқушыларға жұмыстың барысын түсіндіру және оқушыларға жобамен жұмыс істеуге бағдар беруге көмектесетін дәйекті іс-әрекет алгоритмін беру маңызды.

Оқушылардың жобамен жұмыс кезіндегі іс-әрекетінің реті:

- жобаның тақырыбы мен мақсатын анықтау;
- жобалық жұмысты жоспарлау, жұмыс тобын құру;
- міндеттерді талқылау, шешімін іздестіру;
- жобаны орындау; жобаны сипаттау; жобаны қорғау;
- нәтижесін бағалау.

Жобалық әрекеттің ерекше белгілері:

жоба әдісі проблеманы жан-жақты және жүйелі зерттеуге және білім беру өнімінің нақты нұсқасын әзірлеуге бағытталған;

жоба бойынша жұмыс ең алдымен практикалық нәтиже алуды көздейді;

жоба ұжымдық күш-жігердің нәтижесі бола отырып, қызметтің соңғы кезеңінде бірлескен жұмыстың рефлексиясын, толықтығын, тереңдігін,

ақпараттық қамтамасыз етуді, әрқайсысының шығармашылық үлесін талдауға бағытталады.

Жоба бойынша жұмыс кезінде оқушылардың рөлі де түбегейлі өзгереді, олар пассивті бақылаушылар емес, белсенді қатысушылар болады. Жобамен жұмыстың нәтижелілігі практикалық оқу іскерліктерін, сондай-ақ жеке қасиеттерін қалыптастыру: топта жұмыс істей білу, басқалардың пікірімен санасу бойынша анықталады.

Тарих сабағында жоба әдісі бағдарлама мазмұны аясында кез келген сабақта қолданылуы мүмкін.

5-сыныпта тарих бойынша жоба әдісін жүзеге асыру ойын, шығармашылық сипаттағы әдістер мен тәсілдерді қолданумен сипатталады. 6-9 сыныптардағы тарих сабағында негізгі жұмыс түрі топтық жұмыс болып табылады. Тарих сабағында шығармашылық ұжымдағы жобалармен жұмыс оқушыларға қызығушылықтары бойынша бірігуге мүмкіндік береді, оқыту барысында рөлдік қызметтің әртүрлілігін қамтамасыз етеді, тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындау міндеттілігін, жұмыста өзара көмек көрсетуді, және адалдыққа тәрбиелейді. Әрбір жоба белгілі бір тақырыпқа сәйкес келеді және бір, бірнеше сабақ, тоқсан немесе оқу жылы ішінде әзірленуі мүмкін. Жобалық жұмысты жүзеге асыра отырып, оқушылар, мысалы, тарихи тұлғалардың өмірі туралы айтып, жаза алады, өз журналын құрып, макеттер, суреттер, коллаждар, жоспарлар, карталар, схемалар, сауалнамалық кестелер, графиктер, диаграммалар және т. б. дайындайды. Сабақта жобалық әдісті қолдану кезінде білім алушы тек оқу пәндері шеңберінде ғана емес, сонымен қатар олардың қызметін сабақтан тыс ұйымдастыру кезінде да жаңа білім алады. Жобалық әдіс оқушылардың сыни ойлауын дамытады [14].

Сын тұрғысынан ойлау шығармашылық ойды белсендірудің әдіс-тәсілдерінің қатарына жатады. Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді.

Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау процесі:

- қажетті ақпараттар жинауды;
- дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды;
- кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар;
- ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды көздейді.

Сын тұрғысынан ойлау үдерісіне сәйкес оқу пәні бойынша тапсырмаларды оқушылардың нәтижелі орындауы үшін қажетті әрекеттер реті мен дағдылар:

– көру немесе есту арқылы алынған ақпаратты *өңдеу*, сондай-ақ бастапқы дереккөздерді зерделеу кезінде алынған деректерді, немесе сауалнама барысында жиналған деректерді немесе оқулықтар, энциклопедиялар, веб-сайттар сияқты екінші дереккөздерден жиналған ақпаратты *өңдеу*;

– зерттеу жүргізуге арналған дәлелдемелерді немесе зерттеу нәтижесінде алынған дәлелдердің негізін құрайтын дәлелдемелерді жүйелейтін түйінді мәселелер, болжамдарды *түсіну*;

– осы түйінді мәселелер мен қолда бар дәлелдемелердің бір-біріне сәйкес келуін және үндесуін *талдау*;

– жекелеген факторлар немесе түрлі дербес бағалар мен болжамдар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды *анықтау*;

– дәлелдерді немесе бірқатар идеяларды дайындау үшін түрлі ақпарат көздерін жүйелеу. Өз идеяңызды қалыптастыратын және қолдайтын түрлі дереккөздер арасында *байланыс орнату*;

– сіздің зерттеуге қатысты дәлелдемелердің шынайылығы мен дәлелділігін және дәлелдемелер сіздің болжамдарыңызбен, туындаған идеяларыңызбен қаншалықты сәйкес келетінін *бағалау*.

– зерттеу негізінде жатқан сұрақтардың жауабына түсініктеме беру кезінде зерттеу барысында алған білімін *қолдану*.

– зерттеу қорытындылары мен нәтижелерін *дәлелдеу және негіздеу болып табылады*.

Сондықтан «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуда белсенді оқыту мен оқу әдістерін қолдану үдерісінде оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуда оқу мақсаттарын жіктеуде Блум таксономиясын негізге алу тиімді болып табылады.

Сонымен пәнді оқытуда жаңа технологияларды, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін ұтымды пайдалану оқушының тарихи танымын қалыптастыруға, бәсекеге қабілетті сапалы білімге, оқушының өздігімен алатын білімнің қажеттілігін, мәнін дұрыс түсінуге, оқушының шығармашылық-ізденушілік қабілеттерінің артуына септіген тигізеді.

3. Білім мазмұнын жаңарту аясында қысқа мерзімді жоспар әзірлеу және критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында бағалаудың критериалды жүйесі білім алушының жаңа білімді меңгеру қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Себебі бағалау нақты оқу мақсатын айқындайтын критерийлер бойынша іске асырылады. Оқушыларға баға оқып зерделенген материал бойынша қойылады. Сонымен оқушының оқуға деген және өзін-өзі бағалауға ынтасын арттыруға негізделген критериалды бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі болып табылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында алдын ала анықталған өлшемдер бойынша оқушылардың оқу қызметін бағалау фактісі білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін ашықтық пен қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

Сонымен, әрбір оқушы берілген өлшемдер бойынша өз мүмкіндіктерінің деңгейіне жетіп, пән бойынша күтілетін нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндігі бар. Бағалау критерийлерінің көмегімен оқушылар қойылған мақсатқа жету жолын жобалауды, сонымен қатар өз жұмысының сапасын объективті бағалауды үйренеді.

Өйткені қазіргі дамыған қоғамда азаматтың тек қана білім алуы жеткіліксіз, ең маңыздысы - сол алған білімін күнделікті өмірлік жағдаятта тиімді қолдана білуі қажет. Сондықтан, қазір оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға басымдық беріліп отыр.

Жаңартылған білім беру аясында критериалды бағалауды іске асырудағы негізгі міндеттер:


- оқу процесінің әрбір кезеңінде әрбір оқушының дайындық деңгейін анықтау;
- оқушының жеке дамуын анықтау, бақылау және жеке даму траекториясын түзету;
- күтілетін оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқушылардың кең ауқымды дағдылары мен біліктерін дамытуға ынталандыру;
- әр түрлі іс әрекет түрлерін орындағаны үшін алынған бағалардың маңыздылығын саралау;
- оқу материалдарын меңгеру сапасын және оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы және ата-аналар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету болып табылады.

Осы міндеттерді іске асыру жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізу тәртібіне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін бағалау *формативті және жиынтық* бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

Формативті бағалау мұғалім тарапынан тоқсан бойы жүйелі өткізіліп отыратын оқу процесінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Формативті бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, формативті бағалау кезінде

оқушылардың өз қателігін түзетуге мүмкіндік беріледі. Бұл оқушылардың мүмкіндігін анықтауға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, уақытында оқу процесін түзетуге жағдай жасайды.

Формативті бағалау бұл – бағалаудан кейін оқушының нәтижесі мұғалімге оқыту әдісін түзету үшін немесе оқушыға өз оқуын түзету үшін қажет болатын жоспарланған процес ретінде сипатталады. Осыған орай, формативті бағалау рәсімдері келесі сызбада көрсетілген.



3.1-сызба. Формативті бағалау рәсімдері

Формативті бағалаудың тәжірибелік мазмұнын оқу бағдарламасындағы бөлімдердің оқу мақсаттары, яғни күтілетін нәтижелері анықтайды. Пәнді оқытуда формативті бағалау процесі келесі кезеңдер арқылы іске асырылады:

- формативті бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- формативті бағалау әдістерін таңдау;
- формативті бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс беру.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша формативті бағалауды білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес тиімді жоспарлау үшін мұғалім оның түрін, мазмұнын, жиілігін, сондай-ақ құралдарын өз бетінше анықтайды.

Осыған орай, формативті бағалау тапсырмаларын құрастыру келесі қадамдар арқылы іске асырылады:

– оқу бағдарламасы және оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;

- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;
- тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;
- бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;
- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру [15].

Сонымен формативті бағалау сабақ барысында іске асырылады, сондықтан сабақтағы формативті бағалау тікелей сабақты жоспарлаумен байланысты. Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша сабақты жоспарлау келесі реттілікпен іске асырылады:

1) Сабақты жоспарлауда оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сабақтың оқу мақсаттары мен күтілетін нәтиже басшылыққа алынады.

2) Оқу мақсатына жетуді бағалауға мүмкіндік беретін құралдары (критерийлер, дескрипторлар, деңгейлер және т.б.) құрастырылады.

3) Сабақта оқу мақсатына жетуді қамтамасыз ететіндей іс-әрекеттер оқыту әдістері мен бағалауға сәйкес жоспарланады.

Бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктеріне бағалау жүргізуге негіз болатын белгі ретінде сипатталады. Сондықтан пән бойынша формативті бағалау тапсырмаларын құрастыруда бағалау критерийлерінің оқу мақсаттарына сәйкестігін анықтау маңызды болып табылады.

Критерийлер оқытудың әрбір мақсатына әзірленеді және оқушылар нені білуі, түсінуі, қолдануы және әр кезеңде қалай талдау, жинақтау және бағалай білуі тиіс екендігін көрсетеді.

Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша оқу мақсаттары, ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес әзірленген бағалау критерийлері 3.1- кестеде берілген.

3.1- кесте. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері (Қазақстан тарихы, 5-сынып)

1-Бөлім. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі <i>Тақырып: Алғашқы адамдардың өмірі</i>	
<i>Оқу мақсаттары</i>	<i>Бағалау критерийлері</i>
5.1.1.1 алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау; 5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету	– алғашқы адамдардың түрін сипаттайды; – алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін сипаттайды; – ежелгі рулық қауымның қалыптасу себептерін анықтайды; – қоршаған ортаның ежелгі адамдардың өміріне әсері туралы әңгімелейді
<i>Тақырып: Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары</i>	
5.2.3.1 қазақстандық	– қазақстандық археолог ғалымдардың тас ғасырындағы

ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау	зерттеулерін анықтайды; – археологиялық ескерткіштерді сипаттайды; – археологтар тапқан еңбек құралдары мен қару түрлерін салыстырады
<i>Тақырып:</i> Ботай мәдениеті	
5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау	– картадан Солтүстік Қазақстаннан табылған Ботай тұрағын анықтайды; – Ботай тұрағынан табылған археологиялық жәдігерлер арқылы ботайлықтардың жылқыны алғаш рет қолға үйреткені туралы әңгімелейді; – адам өміріне өзгеріс әкелген жылқыны қолға үйретудің маңызын түсіндіреді
<i>Тақырып:</i> Андронов және Бегазы-Дәндібай мәдениеттері	
5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, андронов және бегазы-дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау; 5.2.2.5 Ә.Марғұланның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқындау	– Андронов мәдениетінің археологиялық жәдігерлерін сипаттайды; – Андронов мәдениетінің өзіне тән сипатын анықтайды; – академик Ә.Марғұланның археологиялық зерттеулері туралы әңгімелейді; – Бегазы-Дәндібай қола дәуірі археологиялық ескерткіштерінің ерекшеліктерін анықтайды – Андронов және Бегазы-Дәндібай мәдениетінің өзіндік белгілерін талдайды
2-бөлім. Ежелгі көшпелілер өмірі	
<i>Тақырып:</i> Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы	
5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу	– көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуына әсер еткен негізгі факторларды анықтайды; – көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін әңгімелейді; – көшпелі мал шаруашылығы түрлерін салыстырып түсіндіреді
<i>Тақырып:</i> Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті	
5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау; 5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну	– көшпелілердің қолданбалы өнер ерекшеліктерін анықтайды; – көшпелілер баспанасының ерекшелігін сипаттайды; – көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін талдайды; – «киіз үйдің ерекшелігі» тақырыбында әңгіме құрастырады
<i>Тақырып:</i> Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы	
5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	– көшпелілер салт дәстүрінің тәрбиелік маңызын анықтайды; – көшпелілердің бүгінгі күнге жеткен салт дәстүрін сипаттайды; – алған білімдерін пайдалана отырып, ерте темір дәуіріндегі негізгі өзгерістерді анықтайды
3-бөлім. Сақтар	
<i>Тақырып:</i> «Алтын адам» археологиялық олжасы	

5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу; 5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	– қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын анықтайды; – «Алтын адам» археологиялық олжасын зерделеу арқылы сақтардың өнері, мәдениеті мен дүниетанымының даму ерекшеліктерін анықтайды; – тарихи деректерді пайдалана отырып сақтарда жазудың болғанын әңгімелейді; – «Алтын адам-тәуелсіздік символы» тақырыбында әңгіме құрастырады
<i>Тақырып: Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары</i>	
5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	– археологиялық ескерткіштерді зерделеу арқылы қоғамның жіктелуін анықтайды; – Шілікті және Бесшатыр қорғандарын патша қорғандары ретінде дәлелдейді; – патша қорғандарын зерделеу арқылы сақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелуін сипаттайды
<i>Тақырып: Берел қорғандары</i>	
5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау; 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау; 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау	– Берел археологиялық ескерткішінің Есік және Бесшатыр қорғандарынан айырмашылығы мен ерекшеліктерін анықтайды; – археологиялық олжаларды зерделеу арқылы сақтардың қолданбалы өнері мен дүниетанымын сипаттайды
<i>Тақырып: Сақтардың Александр Македонскийдің әскеріне қарсы күресі</i>	
5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау	– тарихи деректерді зерделеу арқылы Александр Македонскийдің сақ жеріне жасаған жорығы туралы әңгімелейді; – халықтың шапқыншыларға қарсы күресін сипаттайды; – Александр Македонский жорығының сәтсіз аяқталуының себептерін анықтайды; – Александр Македонскийге қарсы тұрған сақтардың әскери өнеріне баға береді
4-бөлім. Үйсіндер мен қаңлылар	
<i>Тақырып: Үйсіндер туралы жазба деректер</i>	
5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру; 5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	– картадан үйсіндердің орналасқан жерін көрсетеді; – үйсіндердің мемлекеттік бірлестігінің құрылуын сипаттайды; – қытайдың тарихи деректерінің негізінде үйсін қоғамы дамуының ерекшеліктерін анықтайды; – тарихи деректерінің негізінде үйсіндердің тұрмыс тіршілігін талдайды; – үйсіндердің көрші елдермен саяси, экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынасындағы Ұлы Жібек жолының әсерін анықтайды
<i>Тақырып: Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы</i>	
5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру; 5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік	– деректер негізінде Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіреді; – ежелгі қаңлы тайпаларының қоғамдық құрылысын анықтайды;

бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	<ul style="list-style-type: none"> – картадан қаңлылардың орналасқан жерін көрсетеді; – қаңлылардың Қаратеңіз, Сирия, Прибалтика, Египет және Иран елдерімен сауда байланыстарын сипаттайды; – қаңлыларда қала мәдениетінің даму себептерін анықтайды; – қаңлылардың баспанасын сипаттайды
5-бөлім. Ғұндар	
<i>Тақырып: Ғұн тайпаларының бірігуі</i>	
5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;	<ul style="list-style-type: none"> – картадан ғұндардың жер аумағын көрсетеді; – тарихи деректер негізінде ғұндардың шаруашылығын тұрмыс тіршілігін сипаттайды;
5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру	<ul style="list-style-type: none"> – ғұн мемлекеттілігінің құрылуының негізгі факторларын анықтайды; – тарихи деректер негізінде ғұндардың жер иеліктерінің маңыздылығын дәлелдейді
<i>Тақырып: Аттила және оның жаулаушылық жорықтары</i>	
5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету;	<ul style="list-style-type: none"> – тарихи картадан ғұндардың қоныс аудару бағыттарын және Аттила империясының территориясын көрсетеді; – батыста ғұн империясының пайда болуын анықтайды;
5.3.2.2 Қазақстан аумағын дағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	<ul style="list-style-type: none"> – ғұндардың басқа мемлекеттермен өзара қарым-қатынасын сипаттайды; – түрлі деректерді зерделеу негізінде Аттила тұлғасына сипаттама, баға береді

3.2-кесте. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері (Дүниежүзі тарихы, 6-сынып)

1-бөлім. Рим империясының құлауы	
<i>Тақырып: Кіріспе. Неліктен Батыс Рим империясы құлады</i>	
<i>Оқу мақсаттары</i>	<i>Бағалау критерийлері</i>
6.3.1.1 «ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін білу және уақыт сызығында белгілеу;	<ul style="list-style-type: none"> – «ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін анықтайды; – «ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» шегін уақыт сызығында анықтайды;
6.3.2.1 Рим империясының ыдырау себептерін анықтау және жіктеу	<ul style="list-style-type: none"> – империяның ыдырау себептерін талдайды
<i>Тақырып: Неліктен Византия 568 жылы түрік қағаны Истемиге елші жіберді?</i>	
6.3.2.4 Византияның дипломатиялық саясатын оның көршілес елдермен қарым-қатынасының мысалында қарастырып, сипаттау	<ul style="list-style-type: none"> – картаны қолдана отырып Византияның сыртқы саясатын сипаттайды; – Византия империясының Түрік қағанатымен сыртқы саясатының бағытын анықтайды; – Византия империясының Түрік қағанатымен жасаған сыртқы саясатына талдау жасайды
2-бөлім. Феодализм	
<i>Тақырып: Феодалдық қоғам қалай ұйымдасқан?</i>	
6.1.1.1 феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын	<ul style="list-style-type: none"> – феодалдық қоғамдағы әлеуметтік құрылымды

сипаттау; 6.1.2.1 үстемдік етушілер мен бағыныштылардың (феодалдар мен шаруалардың) өзара қатынасын сипаттау	анықтайды; – үстемдік етуші және тәуелді қауымдардың қарым-қатынасын сипаттайды (феодалдар мен шаруалар)
<i>Тақырып:</i> Ортағасырлық қоғамды қаланың сәулеті мен өнері қалай бейнелейді?	
6.4.1.1 қолөнер мен сауданың рөлін анықтай отырып, ортағасырлық қалалардың даму ерекшеліктерін сипаттау; 6.2.2.2 өнердің (сәулет, сурет өнері) дамуына қоғамдағы өзгерістердің ықпалын анықтау	– ортағасырлық өнердің ерекшеліктерін біледі; – мәдениет пен өнердің даму процесін сипаттайды; – ортағасырлық өнердің ерекшеліктері негізінде ортағасырлық қоғамдағы өзгерістерді анықтайды
3-бөлім. Ислам тарихы	
<i>Тақырып:</i> Исламның тарихында 610 - 1258 жылдар аралығында қандай басты оқиғалар орын алды	
6.3.2.5 ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың сипатын түсіндіру	– 610 жылдан 1258 жылға дейінгі Араб халифатындағы негізгі оқиғаларды сипаттайды; – ислам тарихындағы түйінді оқиғаларды картадан көрсетеді және тізімін жасайды; – ортағасырлық жаулап алу кезеңіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтайды
<i>Тақырып:</i> Неліктен VIII-XII ғасырды ислам мәдениетінің «Алтын ғасыры» деп атайды?	
6.2.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтау; 6.2.2.4 Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау; 6.2.3.1 Шығыс ойшылдары жетістіктерінің маңызын бағалау	– тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтайды; – Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайды; – Шығыс ойшылдарының жетістіктерінің мәнін түсіндіреді
4-бөлім. Крест жорықтары	
<i>Тақырып:</i> Крест жорықтары христиандық Еуропа мен мұсылман әлемін қалай өзгертті?	
6.3.2.6 картада оқиғаларды даму динамикасында белгілей отырып, 1-4 жорықтар мысалында крест жорықтарының себеп-салдарын анықтау; 6.2.2.1 тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтау	– крест жорықтарының себептері мен салдарын анықтайды; – крест жорықтарынан кейінгі мұсылман әлемі мен Еуропадағы өзгерістерді анықтайды; – Крест жорықтары салдарынан христиандық Еуропа мен мұсылман әлеміндегі болған өзгерістерге талдау жасайды
5-бөлім. Моңғолдар	
<i>Тақырып:</i> Моңғолдар әлемдік империяны қалай құрды?	
6.3.2.5 ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтау	– Шыңғысханның өмірбаянын біледі; – моңғолдардың жеңістерінің негізгі себептерін түсіндіреді; – контур картада моңғолдардың жаулап алған жерлерін,

	түйінді шайқастарының аты мен болған уақытын көрсете отырып белгілейді; – моңғолдардың жылдам жаулап алу себептерін талдайды
6-бөлім. XIV ғасыр- XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам	
<i>Тақырып:</i> «Қара індет» не себепті жылдам таралды ?	
6.2.4.1 адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін түсіндіру	– «Қара індеттің» Еуропада жылдам таралуының себептерін анықтайды; – мәселені зерттеуге қатысты өзінің ұстанымын анықтайды, оны дәлелдейді
<i>Тақырып:</i> Еуропада орталықтандырылған мемлекеттер қалай құрылды?	
6.3.1.4 феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату	– Еуропа мемлекеттерінің құрылуын сипаттайды; – Еуропада орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуына талдау жасайды, оның қорытындысын кесте түрінде толтыра алады
7-бөлім. Абсолютизм: Батыс пен Шығыс	
<i>Тақырып:</i> XIV Людовик және Ұлы Петр: кімнің билігі айтарлықтай шексіз болды?	
6.3.1.3 феодалдық мемлекеттің даму кезеңдерін сипаттау; 6.3.1.2 Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату; 6.3.1.6 «парламент», «Бас штаттар», «сейм», «кортес», «Боярлар Думасы» ұғымдарын түсіндіру	– феодалдық мемлекеттің даму кезеңдерін сипаттайды; – Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) салыстырады; – билеушілердің ел билеудегі күшті және әлсіз жақтарына талдау жасайды
<i>Тақырып:</i> Неліктен I Карл мен II Осман шексіз монарх бола алмады?	
6.3.1.2 Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату; 6.3.1.5 саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әртүрлі елдердің билеушілерінің қызметін салыстыру	– монархтардың шексіз билігінің күшті және әлсіздігін көрсететін әрекетін анықтайды; – монархтардың саяси билігінің ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жасайды
8-бөлім. Сауда, қолөнер және әлемді игеру	
<i>Тақырып:</i> Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батысты қалай байланыстырды?	
6.4.1.2 ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін түсіндіру	– Ұлы Жібек жолының тарихын және оның халықаралық саудадағы рөлін анықтайды; – контур картаға Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтары мен бағыттарын дұрыс түсіреді; – Ұлы Жібек жолы саудасының нәтижесінде пайда болған экономикалық, мәдени, саяси байланыстарды анықтайды; – Ұлы Жібек жолының Шығыс пен Батысты байланыстыруына дәлелді қорытынды жасайды,
<i>Тақырып:</i> Ұлы географиялық ашулар әлемді қалай өзгертті?	
6.2.4.3 картадан XV-XVI ғасырлардағы саяхатшылар	– Ұлы географиялық ашылулардың себептері мен салдарын біледі;


<p>дың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық ашылулардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын анықтау; 6.3.2.7 «отаршылдық саясат» ұғымын түсіндіру (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында)</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Ұлы географиялық ашылулардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын түсінеді; – картадан XV-XVI ғасырлардағы саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын анықтайды; – контурлы картаға саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын дұрыс түсіреді; – Ұлы географиялық ашылулардың жағымды және жағымсыз салдарын бағалайды
9-бөлім. Қайта өрлеу дәуірі	
<i>Тақырып:</i> Қайта өрлеу дәуірі өнердің дамуын қалай өзгертті?	
<p>6.2.2.3 Антикалық мәдениетпен байланыс орнату арқылы Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетін (бейнелеу, мүсін өнері) сипаттау; 6.2.3.2 гуманистік идеялардың орта ғасырлық мәдениеттің дамуына ықпалын анықтау</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Қайта өрлеу дәуірі өнерінің ерекшеліктерін анықтайды; – Леонардо да Винчи, Рафаэля, Микеланджело шығармашылығы туралы сипаттайды; – оқу материалдары негізінде гуманистік идеялардың орта ғасырлық мәдениеттің дамуына әсерін көрсетеді
<i>Тақырып:</i> Шығыстағы Ренессанс әлемдік мәдениетті қалай байытты?	
<p>6.2.3.2 гуманистік идеялардың орта ғасырлық мәдениеттің дамуына ықпалын анықтау; 6.2.2.4 Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау</p>	<ul style="list-style-type: none"> – Шығыс Ренессанс өкілдерінің әлемдік мәдениетке қосқан үлесін көрсетеді; – Батыс және Шығыс Ренессанстары арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтайды
10-бөлім. Реформация	
<i>Тақырып:</i> Мартин Лютердің наразылығы Еуропаны қалай өзгертті?	
<p>6.2.1.1 адамның дүниетанымы мен қоғамдық өмірдегі дін рөлінің өзгеру себептерін анықтау; 6.2.1.2 тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютеранство», «кальвинизм», «контр-реформация», «кезуиттер ордені» ұғымдарын түсіндіру</p>	<ul style="list-style-type: none"> – «реформация» ұғымының мәнін түсінеді; – адамның дүниетанымы мен қоғамдық өмірдегі дін рөлінің өзгеру себептерін анықтайды; – әр түрлі елдердегі реформация ерекшеліктеріне талдау жасайды
11-бөлім. Ғылыми революция	
<i>Тақырып:</i> Коперниктің теориясы қаншалықты бірегей болды?	
<p>6.2.4.2 жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтау; 6.2.4.1 адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін түсіндіру</p>	<ul style="list-style-type: none"> – кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын түсінеді; – адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін, дәлелдейді, талдау жасайды

Ұсынылған бағалау критерилері үлгі ретінде ретінде берілген. Сондықтан мұғалімдер білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыпқа және оқу мақсаттарына сәйкес өздері бағалау критерийлерін әзірлеуге және үлгі ретінде берілген критерийлерге өзгеріс енгізуіне болады.

Оқу мақсаты бойынша құрылған бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес формативті бағалау тапсырмалары құрастырылады. Сонымен қатар, «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша тапсырмаларды орындау кезіндегі оқушылардың әрекетін көрсететін сипаттама дескрипторлар құрастырылады.

Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Дескрипторлар оқушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге жағдай жасайды.

Формативті бағалау бойынша әзірленетін тапсырмалардың түрлері 3.2-сызбада көрсетілген:



3.2-сызба. Формативті бағалау бойынша әзірленетін тапсырмалардың түрлері

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша тапсырмалардың аталған түрлеріне сәйкес әзірленген формативті бағалау тапсырмалары келесі 3.3-кестеде берілген.

3.3-кесте. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша сәйкестілікті анықтауға берілген тапсырма үлгісі. 5-сынып

<i>Бөлім:</i> Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі			
<i>Тақырып:</i> Қазақстан территориясындағы тас дәуірінің тұрақтары			
Оқу мақсаты	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу		
Бағалау критерийлері	Қазақстандық археолог ғалымдардың еңбектерін анықтайды		
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу; Түсіну		
<p><i>Тапсырма:</i> Төмендегі Қазақстандық археолог - ғалымдарды еңбектерімен сәйкестендіріңіз.</p>			
1	Алпысбаев Хасан Алпысбайұлы	А	Батыс Қазақстан, Шығыс және Орталық Қазақстандағы ерте палеолиттік ескерткіштерді ашуымен танымал. Маңғыстау аймағындағы Шақпақ ата тұрағын зерттеген археолог.
2	Медоев Алан Георгиевич	В	Бұл ғалымның негізгі ғылыми еңбектері Қазақстан мен оған іргелес аймақтардағы палеолит дәуірін зерттеуге арналған. Ғалым әлемге әйгілі болған Қазақстан аумағындағы ежелгі ескерткіштерді (Қызылтау, Саяқ, Шоқтас, Қошқорған, Ембі, Өзен, т.б.) ашқан зерттеушілердің бірі.
3	Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы	С	Қазақстанның алғашқы палеолиттік ескерткіштерінің ашылуы осы кісінің атымен байланысты. Ол 1950-1960 жылдары Қаратау маңында Бөріқазған, Тәңірқазған секілді бірқатар палеолит тұрақтарын ашып, көптеген еңбек құралдарын тапқан.
<p><i>Дескриптор: Білім алушы:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Х. Алпысбаевтың еңбегін анықтайды; - А. Медоевтың еңбегін анықтайды; -Ж. Таймағамбетовтың еңбегін анықтайды 			

3.4-кесте. «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша берілген тапсырма үлгісі. 7-сынып

<i>Бөлім:</i> Қазақ-жоңғар соғыстары	
<i>Тақырып:</i> Біртұтас халық жасағының ұйымдастырылуы	
Оқу мақсаты	7.3.1.2-Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайын талдау
Бағалау критерийлері	Қазақ қоғамындағы қару-жарақ түрлерін және жауынгерлік қабілеті мен әдіс-тәсілдерін талдай алады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары ойлау дағдылары

Тапсырма:

«ПОПС формуласы» арқылы қазақтардың қару-жарағы мен жауынгерлік қабілетіне тұжырым жасаңыз.

«Менің ойымша ...»

«Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

«Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын...»

Дескриптор

Білімалушы:

- Берілген тапсырма бойынша өз ойын айтады
- Берілген тапсырма бойынша түсіндіреді
- Берілген тапсырманы фактілермен дәлелдейді

Жүйелі құрастырылған формативті бағалау тапсырмалары оқушының өз жұмысын тиімді бағалауға, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Формативті бағалауды жүргізуде оқуды түзету үшін кері байланыс іске асырылады. Кері байланыс оқушының оқыту процесі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіледі. Формативті бағалаудың нәтижесі бойынша мұғалім оқу үдерісін дер кезінде түзетіп отырады, оқушылардың жиынтық бағалау жұмысын тапсырғанға дейінгі кемшіліктерінің алдын алады.

Сонымен пәнді оқыту процесінде өткізілетін *формативті бағалау* – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Формативті және жиынтық бағалауды өткізу нормаларын белгілейтін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. №125 бұйрығы, 09.02.2018 № 47 бұйрығымен толықтырулар енгізілген) сәйкес:

✓ *формативтік бағалау* білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі;

✓ формативтік бағалау кезінде педагог білім алушылардың санын және кері байланысты беру жиілігін дербес анықтайды;

✓ формативті бағалау нәтижелері басып шығару мен одан әрі сақтауды талап етпейді;

✓ формативті бағалау нәтижелерін қою бағаланатын жұмыс орындалған дәптерлерінде жүзеге асырылады.

Аталған толықтырулар «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша формативті бағалауды іске асыруда басшылыққа алынады. Бұл мұғалімдердің оқу процесінде формативті бағалауды тиімді іске асыруына мүмкіндік береді.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды бөлім, тоқсан аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау жүргізіледі. Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

Жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу процесін жоспарлау, рефлексия және жеке оқыту тәжірибесін жақсарту үшін пайдаланады. Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдері 3.3- сызбада көрсетілген.



3.3-сызба. Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдері

Бөлімдер үшін жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуді мұғалім өткен бағдарламалық материалдың мазмұны мен күрделілік деңгейін ескере отырып жүзеге асырады. Жиынтық бағалау тапсырмалары оқыту мақсаттарына, бағалау критерийлеріне және ойлау дағдылары деңгейлерге сәйкес әзірленеді. Сонымен қатар, бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімін іске асыруда тапсырмалардың әрбір орындау қадамын сипаттайтындай дескрипторлар құрастыруға назар аудару ұсынылады. Өйткені дескриптор арқылы тапсырманы орындаудың әр кезеңін сипаттау оқушыларда қиындық туындататын дағдылар мен біліктерді мұғалімнің анықтауына, сондай-ақ, оқу үдерісін одан әрі жоспарлауға және түзетуге мүмкіндік береді.

Формативті және жиынтық бағалауды өткізу нормаларын белгілейтін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды

аттестаттау өткізудің (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. №125 бұйрығы, 09.02.2018 № 47 бұйрығымен толықтырулар енгізілген) үлгілік қағидаларына сәйкес:

– бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады;

– БЖБ үшін максималды бал, БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе) мен сабағы және БЖБ орындау уақыты реттелмейді;

– аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ тоқсанда екі реттен артық емес жүргізіледі;

– бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына үш және одан да көп бөлімдерді оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі;

– пәндердің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үш тоқсандық жиынтық бағалау жүргізуге болады. Олар тоқсан аяқталатын соңғы күні жүргізілмейді;

– жиынтық бағалау тапсырмалары білім алушылармен орындалады және оқу бағдарламасына сәйкес олар өткен материалдарды қамтиды.

Аталған толықтыруларды «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша жиынтық бағалауды іске асыруда басшылыққа алу ұсынылады.

Оқу бағдарламасына сәйкес 5-9-сыныптар бойынша оқу жылына пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау саны «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта беріледі.

Жоғарыда көрсетілген ұсынымдарға сәйкес мұғалімге бағалау құралдарын өз бетінше әзірлеуге мүмкіндік беріледі. Бұл үшін мұғалімге келесі алгоритм ұсынылады:

1) оқу бағдарламасы, бөлім бойынша оқу мақсаттарын меңгеру;

2) жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;

3) ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырмалар дайындау;

4) әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;

5) білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің деңгейлерге сәйкестігін сипаттау).

Осыған орай, келесі кестеде осы алгоритм негізінде әзірленген Қандыағаш қалалық №4 ЖББОМ тарих пәнінің мұғалімі Кадиркулова Фариданурадиновнаның «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен 6-сыныпқа арналған бөлім бойынша жиынтық бақылау тапсырмалары ұсынылады.

3.5-кесте «Рим империясының құлауы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тақырып	Кіріспе. Неліктен Батыс Рим империясы құлады ?
Оқу мақсаты:	6.3.1.1 «Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін білу және уақыт сызығында белгілеу
	6.3.2.1 Рим империясының ыдырау себептерін анықтау және жіктеу
	6.3.2.4 Византияның дипломатиялық саясатын оның көршілес елдермен қарым-қатынасының мысалында қарастырып , сипаттау
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i>
	– Ерте , орта , кейінгі орта ғасырлар хронологиялық шегін біледі және уақыт сызығында белгілейді
	– Рим империясының ыдырау себептерін жіктейді
Ойлау дағдыларының деңгейі:	– Византияның дипломатиялық саясатын оның көршілес елдермен қарым- қатынасын сипаттайды
	Білу, түсіну, қолдану
Орындалу уақыты:	20 мин

Тапсырма

1.Төмендегі тапсырмаларда ерте , орта , кейінгі орта ғасырлардың сипаттамасын тауып , хронологиялық шегін анықтаңыз:

Феодализм ыдырап және капиталистік өндіріс тәсілі туа бастады


Шаруалар феодалдарға толық тәуелділікке түсті. Олар жерді феодалдардан жалға алып, өнім өндірді

Ірі жер иелері пайда болды.Феодалдар шаруа қауымдарын өздеріне бағындырды

2.Рим империясының ыдырау себептерін жіктеңіз:

Саяси	
Әлеуметтік	
Экономикалық	
Діни тұрғыдан	

3.Византияның халықаралық жағдайын сипаттаңыз:



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескрипторлар	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Ерте ,орта, кейінгі орта ғасырлардың хронологиялық шегін анықтайды	1	Ерте орта ғасырдың сипаттамасын тауып , хронологиялық шегін анықтайды	1
		Орта ғасырдың сипаттамасын тауып , хронологиялық шегін анықтайды	1
		Кейінгі орта ғасырдың сипаттамасын тауып, хронологиялық шегін анықтайды	1
Рим империясының ыдырау себептерін анықтап және жіктейді	2	Рим империясының ыдырауының саяси себепін жазады	1
		Рим империясының ыдырауының әлеуметтік себепін жазады	1
		Рим империясының ыдырауының экономикалық себепін жазады	1
		Рим империясының діни тұрғыдан ыдырауының себепін жазады	1
Византияның халықаралық жағдайын сипаттайды	4	Византияның Киев Русімен байланысын сипаттайды	1
		Византияның Түрік қағанатымен байланысын сипаттайды	1
		Византияның көршілес елдермен байланысын сипаттайды	1
Барлығы			10

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндерінен бөлім бойынша жиынтық бағалауда орындалған тапсырмалар білім алушыларға түсінікті болып, одан әрі білім алуға ынталандыруы қажет. Бөлім бойынша жиынтық бағалауда кері байланыс беру міндеттелмесе де, мұғалім оны ұсынудың (мысалы, рубрика) оқытуды ілгерілетуге әсер ететіндігін түсінуі тиіс.

Сонымен кері байланыс – білім алушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттарды қамтиды. Білім алушылар мен олардың ата-аналарын ақпараттандыру үлгісін мұғалім өз бетінше анықтайды. Аталған ақпараттарды рубрика түрінде беру ұсынылады. Рубрика бөлім бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімі үшін құрастырылады, ол әр критерий аясындағы оқу жетістігі деңгейін көрсетеді. Бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелерімен білім алушыларды таныстыру кезінде оған оның жиынтық


жұмысын және оқу жетістігі деңгейі көрсетілген рубриkanı ұсынуға болады. Рубрика үлгісі 3.6-кестеде көрсетілген.

3.6-кесте. «Рим империясының құлауы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысы туралы ата-аналарға ұсынылатын ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлардың хронологиялық шегін анықтайды	Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлардың сипаттамасын тауып, хронологиялық шегін анықтауда қиналады <input type="checkbox"/>	Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлардың сипаттамасын тауып, хронологиялық шегін анықтауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлардың сипаттамасын тауып, хронологиялық шегін дұрыс анықтайды <input type="checkbox"/>
Рим империясының ыдырау себептерін жіктейді	Рим империясының саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни тұрғыдан ыдырауының себептерін жіктеп жазғанда қиналады <input type="checkbox"/>	Рим империясының саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни тұрғыдан ыдырауының себептерін жіктеп жазғанда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Рим империясының саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни тұрғыдан ыдырауының себептерін толық жаза алады <input type="checkbox"/>
Византияның халықаралық жағдайын сипаттайды	Византияның / Киев Русімен/, түрік қағанатымен, көршілес елдермен халықаралық жағдайын сипаттағанда қиналады <input type="checkbox"/>	Византияның / Киев Русімен/, түрік қағанатымен, көршілес елдермен халықаралық жағдайын сипаттағанда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Византияның / Киев Русімен/, түрік қағанатымен, көршілес елдермен халықаралық жағдайын толық сипаттайды <input type="checkbox"/>

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталады. Тоқсандық жиынтық бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы, тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы, жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсыныстары негізінде іске асырылады. Тоқсандық жиынтық бағалау рәсімдері 3.4-сызбада көрсетілген.



3.4-сызба. Тоқсандық жиынтық бағалау рәсімдері

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аталған рәсімдеріне сәйкес Қандыағаш қалалық №4 ЖББОМ тарих пәнінің мұғалімі: Кадиркулова Фариданурадиновнаның «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен 6-сыныпқа арналған тоқсан бойынша әзірленген тапсырмалары ұсынылады:

1. Жиынтық бағалаудың құрылымы: Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: көп таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Берілген нұсқа көп таңдауы бар, толық және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 4 тапсырмадан тұрады. Көп таңдауы бар сұрақтарда білім алушылар ұсынылған жауап нұсқаларының дұрысын таңдайды. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар жаратылыстану саласы бойынша ғалымдардың пікірлеріне талдау жасайды.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы:

Бөлім	Тексерілетін мақсат	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырма саны*	Тапсырма №	Тапсырма түрі*	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл

Рим империясының құлауы	6.3.2.3 Византияның ішкі саясатын сипаттап, оның ұзақ өмір сүруінің себептерін анықтау және жіктеу	Қолдану	1	1	ҚЖ	6	3	3
Феодализм	6.1.1.1 Феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттау	Қолдану	1	2	ҚЖ	5	4	7
	6.1.2.1 Үстемдік етушілер мен бағыныштылардың (феодалдар мен шаруалардың) өзара қатынасын сипаттау	Қолдану	1	3	ҚЖ	5	3	
Ислам дінінің тарихы	6.2.2.4 Шығыстың ортағасырлық мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау	Қолдану	1	4	ҚЖ	12	6	10
	6.2.3.1 Шығыс ойшылдары жетістіктерінің маңызын түсіндіру	Жоғары деңгей дағдылары	1	5	ТЖ	12	4	
Барлығы:			5			40	20	20
Ескерту: *- өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер								

3. «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен I тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары


1. Византия империясының ұзақ өмір сүруінің саяси, экономикалық және әлеуметтік себептерін анықтаңыз

Саяси	Экономикалық	Әлеуметтік
↓	↓	↓
1. _____ _____ — _____ — _____ — _____	1. _____ _____ — _____ — _____ — _____	1. _____ _____ — _____ — _____ — _____

–	–	–
---	---	---

[3]

2. Орта ғасырдағы феодалдық қоғамның әлеуметтік құрылымын сатымен орналастырыңыз.



[4]

3. Феодалдық құрылыс кезіндегі феодал мен шаруалардың өзара қатынасын анықтаңыз

Шауалардың жіктелуі	Басыбайлы	Ерікті
Өз беттерімен шешім қабылдап, әрекет етуіне тыйым салынды		
Олар өз қарамағындағы мүліктерін, еңбек құрал-жабдықтарын еркін жұмсай алды		
Шаруаларды сатуға, айырбастауға, сыйлауға ерікті еді		

[3]

4. Төмендегі көп нүктенің орнына керекті сөздерді қолдана отырып, шығыстың ортағасырлық мәдениетіндегі ерекшеліктерді сипаттаңыз

- | | |
|--|-----------------|
| 1. Арабтар үнді сандарын пайдаланып, | негізін салған. |
| 2. Еуропалықтар арабтардан | сызуды үйренді. |
| 3. Араб сәулетшілері тамаша | салды. |
| 4. Араб әріптермен әсемдеп жазуда күрделі өрнек түрі | деп аталды. |
| 5. Иерусалимдегі атақты..... мешіті исламдық сәулет өнерінің | |
- озық туындыларының бірі болып саналады.

6. Араб әдебиетінің ең үздік туындысы «
хикаяты.
[6]

»

5. Шығыс ойшылдарының ашқан ғылыми жаңалықтарының маңызын жазыңыз

Шығыс ойшылдары	Ашқан ғылыми жаңалықтарының маңызы
Әбу Райхан әл-Бируни	
Ибн Сина	
Әбу Насыр әл-Фараби	
Әл-Максуди	

[4]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша мәлімет												
1	<p>Византия империясының ұзақ өмір сүруінің саяси, экономикалық, әлеуметтік себебін анықтаңыз</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around; align-items: center;"> <div style="text-align: center;"> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 100px;">Саяси</div> <div style="margin: 5px 0;">↓</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 150px;">1.«Юстиниан кодексі» заңдар жинағының болуы</div> </div> <div style="text-align: center;"> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 100px;">Экономикалық</div> <div style="margin: 5px 0;">↓</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 150px;">1.Алтын ақшасы номисма барлық елдерде ең сенімді ақша саналды</div> </div> <div style="text-align: center;"> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 10px; padding: 5px; width: 100px;">Әлеуметтік</div> <div style="margin: 5px 0;">↓</div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: 150px;">Ерікті жер иеленушілер мен шаруалар қауымы басым болды</div> </div> </div>	3	Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары қабылданады												
2	1.Король	1													
	2.Герцогтар мен графтар	1													
	3.Барондар мен виконттар	1													
	4.Рыцарлар	1													
3	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 50%;">Шаруалардың жіктелуі</th> <th style="width: 20%;">Басыбайлы</th> <th style="width: 30%;">Ерікті</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Өз беттерімен шешім қабылдап, әрекет етуіне тыйым салынды</td> <td style="text-align: center;">+</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Олар өз қарамағындағы мүліктерін, еңбек құрал-жабдықтарын еркін жұмсай алды</td> <td></td> <td style="text-align: center;">+</td> </tr> <tr> <td>Шаруаларды сатуға, айырбастауға, сыйлауға ерікті еді</td> <td style="text-align: center;">+</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Шаруалардың жіктелуі	Басыбайлы	Ерікті	Өз беттерімен шешім қабылдап, әрекет етуіне тыйым салынды	+		Олар өз қарамағындағы мүліктерін, еңбек құрал-жабдықтарын еркін жұмсай алды		+	Шаруаларды сатуға, айырбастауға, сыйлауға ерікті еді	+		3	
Шаруалардың жіктелуі	Басыбайлы	Ерікті													
Өз беттерімен шешім қабылдап, әрекет етуіне тыйым салынды	+														
Олар өз қарамағындағы мүліктерін, еңбек құрал-жабдықтарын еркін жұмсай алды		+													
Шаруаларды сатуға, айырбастауға, сыйлауға ерікті еді	+														
